1891-1967 жылдар аралығында Ұлытау өңірінде өмір сүріп, шахтада жұмыс істеп, қарашайым ғұмыр кешкен, діни сауаттылығына байланысты ел ішінде «Сары молда» атанған, казақ әдебиеті тарихында өзіндік орыны болуы тиіс қаламгер Балмағамбет Балқыбайулы туындыларының оқырман қауыммен қауышқанына көп бола койған жоқ. Ақын туындыларының халықымен көп табысуының ең басты себептері кеңестік солақай саясат екенін айдан анық. Ақын шығармаларының елеулі бөлігі жарық көрген, журналист Құсыман Игісін баспаға дайындац, 1997 жылы «Таңдем» баспасынан шығарған «Хадис-назым» атты жинақтың таралымы 200 дана-ақ болғандықтан, оны республика жүртшылығының қолына тиді деп айта алмаймыз. 2005 жылы «Алаш мұрасы» сериясының қатарында «Арыс» баспасынан жарық көрген ақын шығармаларының екі томдық жинағы ақын шығармаларын насиҳаттаудағы елеулі табыс болғанымен, бұл бағытта атқарылатын шаралардың әлі де шаш-етектен екені белгілі. Шығармаларының ерекшелігіне орай, ең алдымен Балмағамбет Балқыбайұлының сопылық поэзияға, оның ішінде, Ясауи жолына қатысы айтылуы керек.

Ақынның елең-толғауларының, дастандарының тақырыбы мен көтерген мәселелері, айтпақ ойы ясауия тариқатының негізгі принциптерімен, ұстаннымдарымен, шарттарымен тонның ішкі бауындағы астасын жатыр. Сопылық жолдың басты мұраты – Алланың дидарын көру және Оның ризашылығын табу болса, оған жеткізетін ең басты шарт – жүректің тазалығы. Жанмен, тәнмен және малмен (дүние-мұлікпен) жасалатын барлық құлшылықтың нәтижесі – осы таза жүрек болмақ. Сопылық жолда кірленген жүректің тазартқышы – Алланы еске алу, яғни Оны зікір ету. Бұл ұстаннымда Құран аяттарын басшылыққа алған Ясауи жолының өкілдері Жаратушыны бір сәт те естен шығармауга әрекет еткен және соны насиҳаттаған.

Осылайша, өз нәпсіңе насиҳат қыл,
Күмәнсіз басқа түсер ақиқат бұл.

Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

Кез бұлаш, көңіл хақтан жылаш тұрсын,
Басқаға хақ зікірінен бармасын тіл, –

дейді Балмағамбет те [1].

Ясауия тариқатында қолданылатын зікірдің үш түрі бар: алқа, ара және құпия зікір. Рухани кемелдікке (камил инсан, толық адам) жету жолында олардың әрқасысының өзіндік орны бар. Бұның ішінде ара, алқа зікірлері дағдылы дene қымылдарымен бірге атқарылады. Бұл дene қымылдары да жүрек тазалығына қызмет етеді. Оның әрбірі оң қабақтың ұшынан жүректің түп жағын нысанана алып, үрудың ишарасын жасаған қымылмен аяқталып отырады. Ясауи жолына тән бұл дәстүр Балмағамбет шығармашылығында айқын көрініс тапқан.

Аллаға күндіз-түні зікір етсең,
Айтылған тәубадағы шартқа жетсең,
Жетерсің мақсұтыща махшар күні,
Дүниеден сол әдеттен өтіп кетсең.

Пенденің ұқсар ділі қара тасқа,
Тесетін зат жоқ деме, тасты басқа.
Зікір – қайла, тас – ділге ұрасаң қатты,
Муафиқ болса ділің ықыласқа.
Өлімнің келетінін ойға сақташ,
Толар көзің мөлтілдеп ыстық жасқа.
Оңдан тарт, ла иллаһа ил алланы,
Астына ұр, сол емспектің, бұл дұғаны.
Қалыштан тыншы кетіп шықса ханнас,
Ойға алар тәфсір керек, мәддүғаны [1,135-136], –

дейді ақын бұл туралы. Осынау санаулы жыр жолдарында Құдайды ұмыту салдарынан адам жүргегінің тасқа айналатыны; ол барлық қатыгездіктің, жауыздықтың себепкері болатыны; Құдайды еске алу, яғни зікір ету арқылы тас жүректің жібіш, жұмсарыш, мейірімге, толатыны; зікір амалдарын барлық шарттарымен, дene қымылдарының ишарасымен (Ясауи жолында оның «чор зарба», «ду зарба» деп аталағын тұрлери бар) дұрыс орындағанда, адамды үнемі азғырыш, жүректе отыратын, Құранда «ханнас» деп аталағын шайтанның жүректі тастай қашатыны сияқты ясауия тариқатында үнемі ескерілетін ақиқаттар көрініс тапқан.

Сопылық жолдағы кемелденудің шаригат сатысынан өтіш, хақиқат жолына түскендер Құдайға деген ғашықтық хал тапқан [2]. Ғашықтық хал Құдай жолындағы барлық қындықтарды ауырсынбай, жеңіл өткөруге себеп болады. Қожа Ахмет Ясаудің:

Хас ғипкынни көрсат мәңа шакир болай,
Аппа қойса Закариядик закир болай.

Аюб сиғат баласига сабыр болай,
Нар не қылсаң ғашық қылғыл, паруардигар.

(Шын сүюнді көрсет мәған, шүкір етушіден болайын,
Арамен кессе, Закариядай зікірші болайын.
Аюб сиғат бәлесіне сабыр етушіден болайын,
Не қылсаң да ғашық қылғын, Паруардигар) [3], –

(жолма-жол аударма біздікі – Б.Қ.) деген хикметінен ғашық халіне жетудің қаншалықты маңызды екені аңғарылады. Балмагамбет те ғашықтық ахуал табудың Хаққа жетудің сенімді жолы екенін көрсетеді.

Әй, достарым, келіңіз,
Жиыльш, зікір салайық. (...)
Зікірші хақтың досы деп,
Айтқанына нанайық.
Хақ жолына ғашық боц,
Тірідей күйіш, жанайық [4], –

дейді ол. Және де:

Желдетпей тұңжыр тұман апылмайды,
Желшібей өрен жүйрік басылмайды.
Аллаға ғашық болған дәруіштер бар,
Мақсатын түрлі зармен асылдайды [1,333], –

деп бұл ойын дамыта түседі. Ясауи жолын ұстанған дәруіштер Хаққа ғашық болумен бірге, Одан қорку сезімін де жоғалттайды. Ясауи өзінің хикметтерінде Жаратушыны қаншалықты жоғары қойыш дәріштесе, өзін соншалықты тәмен, күнәшар халде көрсетеді. Тіпті ол өзін «Барча қуллар ичіда ғаси қул дур Қожа Ахмет (барша құлдың ішінде күнәшары Қожа Ахмет)» [3,174], – деп те сипаттайды. Енді бірде:

Иуқ мениңдик шум бала ғалам ара,
Һич болмады мендин риза халиқ, худа.
Имди болди ахир мине изум қара,
Уа уилта ауал нига болдим мана?

Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

(Дүниеде жоқ мендей бір сүм мен бәле,
Болмады риза Құдай мен халық және.
Енді болды ақырында жүзім қара,
Уа, құдірет, неге солай болдым міне?) [3,160].

Мұндай өзін-өзі құнаңар, аси етіш көрсететін жолдар Қожа Ахмет Ясауиде тіпті көп. Балмағамбетте де:

Пасықтар етті дүниеден,
Қайырга дүние қимаган.
Фағылдар етті дүниеден,
Кесілген аяқ жимаган,
Шарғы Шариф әмірін
Құлағына құймаган. (...)
Абайлласам, бауырлар,
Осының бәрі басымда.
Бауырым ед деп езіліп,
Келмейді көзге жасым да.
Шұбәсіз нәрсе болмады,
Ішіп жүрген асымда [4,77], –

деп жырлайды. Сондай-ақ:

Айыштымын Аллаға,
Толып жатқан мінім бар.
Жаба тоқыш жауырды,
Көріп жүрген күнім бар.
Күңкіліндей күздердің,
Тұтыш жүрген дінім бар [4,276], –

дейтін кездері де бар. Өзін осылай күнәһар сезінудің Құдай алдыңдағы қорқынышқа жол ашатыны кәміл. Бірақ бұл қорқу дәруішті үмітсіздікке ұрындырмайтында болуы керек [2,18]. Ясауия тариқатында «хауф-рижа» деп аталатын бұл мақамның мәні зор. Көңілді үміт пен қауіш арасында ұсташа – адамның Құдайды ұмытпауына себеп болары хақ. Қауіштен тіпті пайғамбарлар да, әулиелер де құтылмақ емес. «Көңілдің айнасы» кітабында Мухаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың: «Ықыластылар (әулиелер) да үлкен қауіш-қатер ішінде», – деген сезін келтіреді [2,36]. Б.Балқыбайұлы да осы мәселеғе айрықша дең қойып, пайғамбарлардың да Құдай алдында жазықты болып, мүшкіл халғе түскен сәттерін жырга қосады. Оның «Пайғамбарлардан мысалдар» деп аталатын топтамадағы «Яхия ғалайссалам» атты өлеziнде Яхия (ғ.с.) пайғамбардың қиямет қайым күнінде Құдайға өзін күнөдан пәкпін деп көрсетпек болғанда, өзін басып кетіп, аяғын сындырған құмырсқаның таққан кінесінен қын жағдайға түскені, сол сәтте бұрын оның бір жолғы

құлшылығы кезіндегі көзінен аққан жасынан қаныш ішіп, шөлден аман қалған шыбындардың шырқырап ара түскендігінен ғана жазадан аман қалғаны баяндалып, мынадай түйін жасайды:

Басқан аяқ, пенденің
Алған демін санатқан.
Айламаса рахым,
Ешнәрсе қалмас санақтан [4,60].

Ақын осы арқылы Құдайдың әділдігі түргысынан қарағанда, ешкімнің күнідан және соған лайықты жазадан аман қалмайтынын, тек рахымы түргысынан қарағанда ғана, жарылқауға ие бола алатынын жеткізген. Бұл – Қожа Ахмет Ясауи ілімінен алынған тағылым. Балмағамбет өлең-балладалары мен дастандарындағы пайғамбарлар, әулиелер өмірінен алынған гибаратты мысалдардың барлығы да адамның діл тазалығына қажет шарттарға тікелей қатысты.

Балмағамбет шығармалары тек рухани іліммен ғана емес, ғылымқалмен де байланысты. Оның ішінде фихқ мәселелерін де қамтитын кездері аз емес. Балмағамбеттің «Қырық парыз баяны», «Ауыру халде», «Халыққа хабарлау тәртібі», «Кебін жайы», «Мәйтіт көтеру тәртібі», «Мәйтітке топырақ оқып, дем салып қосу», «Өлікке істейтін қызымет баяны» деген өлеңдерде мәйтіт жөнелту кезіндегі шаригат шарттары мен діни рәсімдер тәртібі тәтпілтей баяндалады. «Хадистерден назым» толғамасына кірген «Ауыру мал өлейін дең жатса, бауыздау тәртібі», «Рұхсат етілген тойлар», «Үйде отырып істейтін қызымет», «Қабір басындағы тәртіп», «Екі қатын алған пайғамбардың үмбеттері туралы» және «Құрбан кімге уәжіп?» өлеңдері фихқтың түрлі мәселелерін өзек етеді. Ал Қ.А.Ясауи мен оның жолын қуушы ақындар шығармашылығанда фихқ мәселелері арнайы түрде сөз бола бермейді. Мәселен, Қ.А.Ясауи хикметтерінде намаз жайында санаулы жерде ғана айтылады. Сондай себептермен сонылар құлшылыққа салғырт қараған деген қате пайымдаулар әр түрлі дәуірлерде пайда болып отырған. Бірақ, шын мәнінде, шын сонылар барлық құлшылық түрлерін асқан жауашкершілікпен атқарған. Бұған Қ.А.Ясаудің: «Шайтан намаз оқып жатқанда уасуаса (азғырса) қылса, намаз қылуышының көңілі бөлініш, ойна басқа нәрселер келіш, рукуғ, сәждे, таспиқ және намаздың бүкіл шарттарын орындаі алмай, риядан да бетер жаман жолға түсіш, құлшылығы зая кетеді» [2,46], – деген сөзі дәлел бола алады. Олай болса, ұлы сонының өз хикметтерінде намаз және басқа құлшылықтарды өте аз сөз етуінің сыры неде деген сауал туындары шындық. Хақиқат жолында Алланың дидарын көру мақсат етіліп, бұл мақсат амалға айналған кезде, барлық құлшылық өз деңгейінде атқарылады. Сондықтан Қ.А.Ясауи мен оның жолын қуушылар діндегі басты мақсатты жырга қосып, имандылықты алдыңғы кезекте

Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

уағыздады. Ал Б.Балқыбайұлының ясауда жолының өкілі бола тұра, бұл дәстүрден өзгеше шығармашылық сипат танытуы, яғни фихқ мәселелерін арнайы тақырып етуі заман талабына байланысты деп үғынған дұрыс. Кеңестік саясат қазақ қоғамын діннен алшактатып, ислами құлшылықтардың шарттары үміт бола бастаған тұста фихқ ілімінің де өзектілігі туындағы. Б.Балқыбайұлы да өз заманының перзенті ретінде қоғам сұранысымен есептесті. Оның үстіне, ақынға дүмшіе молдалардың шабуылы да осы мәселелер төңірегінде жасалған еді. Ақын шығармаларының жинағына жазған Қ.Игісіннің алғысөзінде жергілікті молдалардың бірінің оған кісі жерленбей тұрып құран оқығыны үтіп айып таққаны, Балмағамбеттің өз әрекетінің дұрыс екенін діни кітаптарға сүйеніп дәлелдегені баяндалған [4,11-12]. Осы сияқты жайттардың діни рәсімдер кезінде жиі қайталаныш, ел ынтымағына сына кіргізер залалын сезген ақын өз өлецдерінде осының дұрыс шешімін айтуды жөн көрген сияқты. Дәл осы жайт туралы ол өз кесімін былай жеткізген:

Жуусыз жатқан халда ағзасы ашық,
Жанына таяу болсаң, болмай қашық.
Оқымақ жаһір аят мәкіруһ-дүр,
Фалымдарғылым оқып, болған машық.

Оқыса кәлам шариф басқа жайда,
Әлбетте өлген жанға болар пайды.
Беті ашық һәм жанына жақын болса
Макруһ – деп айтқаны осындейдай.

Өлікті бір мекенге қойса салып,
Оқысаң басқа орында құран алып.
Зарар жоқ пайдасы көп екендігі,
«Раддил мұхтарда» түр мағлұмданып [4,197].

Б.Балқыбайұлы өлецдерінің дені діни мазмұнға құрылса, ол негізгі екі арнадан: сопылық ілім мен фихқ мәселелерінен тұрады. Жалпы алғаңда, ақын шығармаларының жанрлық, мазмұндық, поэтикалық өрекшеліктері сан салалы. Өйткені мұнда ауыз әдебиетіне және сопылық поэзияға, кітаби ақындарға тән дәстүрлілік, сонда-ақ эстетикалық бағдардағы жазба әдебиеттің жаңашылдығы қатар көрінеді.

Әдебиеттанушылық көзқарас тұрғысынан келгенде, Балмағамбет Балқыбайұлы шығармаларының жанрлық өрекшеліктері жайында арнайы зерттеудің зәрулігі сезіледі. Өйткені қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзия терминдері әлі толық орнықпаған деуге болады. «Тахлил», «таспих», «салауат» сияқты т.б. атаулар діни термин ретінде қолданылғанымен,

сопылық поэзияның жанры ретінде пайдаланылмай келеді. Ал ясауя тариқатында ара зікірі кезінде оны сүйемелдеу үшін арнайы айтылатын діни өлең-жырлар болған. Шығыс тарихын зерттеуші, академик Михаил Евгеньевич Массон 1930 жылы Түркістанда өзі көрген ара зікірінің хикметтердің әндегі сүйемелдеуімен айтылғанын баяндайды [5]. Балқыбайұлының шығармалар жинағында «Салауат», «Хакиқат тәуба», «Taufiq бер өзің, Жаратқан» деген аттармен берілген туындылары ара зікірін сүйемелдеу үшін шығарылғандығын анық байқаймыз. Оны «Лә Иләһе Иллалла» көлиmasының редиф ретінде үздік-үздік қайталаныш отыруынан көре аламыз.

Ақынның көптеген шығармаларын баллада деп көрсетуге болар еді. Өйткені оларда балладаға тән сицаттың барлығы дерлік кездеседі. Баллада – Орта ғасырларда Францияда пайда болып, кейіннен Италияға тараған әдеби жанр. Ол махабbat мазмұнныңдағы халықтық би өлеңдерінен шыққан. Әуелгі кезде оның тұрақты өлшемі болған. XIX ғасырда лиро-эпикалық жанр түрінде Англия мен Германияда кең тараған. Бұл кезде тарихтағы соғыстар, трагикалық махабbat, қанды тартыстар жөніндегі аңыздар оның сюжеттік негізін құрады [6]. Алайда Балмагамбет туындылары баллададан тақырыптық тұрғыда ерекшеленеді. Бұларда пайғамбарлар өмірі өзек етілген. Осындай туындылар қатарында біз жоғарыда сөз еткен «Яхия ғалайссаламды» атауға болады. Сондай-ақ «Зікірия ғалайссалам», «Гайса ғалайссалам» сияқты туындылары да осы текстес. Демек ақынның бұл шығармаларына баллададан басқа лайықты жанрлық атау қажет. Бұл үшін Шығыс әдебиетінің жанрлар құрамын жетік білу керек болады. Алайда біз өзірше бұрын қалыптасып қалған термин-атауларды қолдана тұруға мәжбүрміз.

Осы сияқты қындық Б.Балқыбайұлының сюжетті шығармаларын саралауда да туындары сөзсіз. Ақынның мұндай туындыларының көбін жай «поэма» деп атай салу оқайға түспейді. Олардағы тақырып ерекшелігі тың атауды қажет етеді. Шығарма объектісі бұл дүние мәселелері емес, ахирет жайы болғандықтан, оны болек жанрлық түр ретінде қарастыру қажет-ақ. Дегенмен ахирет тақырыбын кетерген шығармалар қазақ әдебиетінде санаулы ғана. Бұл қатарда Шәді Жәнгірұлының және Мәшіһұр Жұсіптің «Ахуал қиямет» және Ақыт қажы Үлімжіұлының «Ахиретбаян» дастандарын айтсақ болады. Жырлаушыдан айрықша білімді талаң ететін тақырып болғандықтан да, бұл мәселеге көп адам бара алмайтыны белгілі. Сондай-ақ Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар өмірін өзек еткен туындылар да тақырыптық тұрғыда ерекшеленеді. Шығыс әдебиетінде Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар өміріне арналған шығаммаларды «сира» деп атау қалыптасқан. Осыған байланысты, Шәдінің пайғамбар өміріне арналған көлемді шығармасының аты «Назым Сияр Шариф» деп аталған. Хрестияндық ортағасырлық әдебиетіндегі «житие» немесе «агиография» деп аталатын шығармаларда

Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

әулиелер өмірі баяндалады. Олардың орталық қаһармандары – дін үшін құресте табандылық көрсететін құрескелер, зұлым құштер мен қорқынышты мақұлыштарды жеңетін ержүрек батырлар, данышшандар [7]. Бұл жаңрлар тақырыптық тұргыда жіктелетін анық. Демек Б.Балмағамбетұлыныңң сюжетті туындыларының көбін «поэма» дей салу – келісіпейтін іс. Бұған лайықты атауды да Шығыс әдебиетінен іздең дұрыс. Бұл мәселе тек Б.Балқыбайұлы шығармашылығына ғана емес, дін тақырыбында қалам тербереген барлық қазақ қаламгерлеріне қатысты, яғни ұлттық әдебиетіміздің ең өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселені арнайы қолға алып, көп болыш шешу керек.

Ақынның рухани ілім тұргысында ғана емес, әдеби-көркемдік мәселеде де Қожа Ахмет Ясауи дәстүрін жалғастырушы болғаны анық. Ясауи хикметтеріндегі көптеген көркемдік тәсілдер мен құралдарды, образдарды Балмағамбет те өз шығармаларында сәттілікпен қолданған. Осы орайда ең алдымен ойға оралатыны – өміrbаяндық өлеңдер. Қожа Ахмет Ясауидің 2, 3, 4, 5, 6, 7 хикметтері өзінің дүниеге келген сәтінен бастап, қылуетке кірген 63 жасына дейінгі аралықтағы өмірін қамтыса, 1 хикметі туылмай тұрыш-ак кемелдікке жеткен рухы жайлы баяндейды. Ал 8 хикметінде қылуетке кірген кездегі халыңен хабар береді. Мұнда әулиелер сұлтандының нақты өміріне қатысты айғақтармен бірге, рухы кемел ташқан әулиенің езі ғана куәсі болған рухани халдер де қамтылады. Адам жасының әрбір кезеңін санамалай отырып, сол кезеңде қаңдай қызметтер атқарғанына көшілік алдында көркем сөз арқылы есеп беру дәстүрі Қожа Ахмет Ясауиге дейін де бар болатын. Тасқа жазылған «Күлтегін» ескерткішіндегі бас қаһарманнның жеті жасынан бастап дүниеден өткенге дейінгі өміrbаяны [8] осының нақты бір дәлелі. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің ауызша кең тарауына байланысты, бұл дәстүр қазақ фольклоры мен әдебиетінде кең өріс алды. Тіпті ол халық ауыз әдебиетінің жаңры ретінде тың сипатқа ие болды. Бұл туралы Х.Досмұхамедұлының еңбегінен көре аламыз [9]. Балмағамбеттің «Өкініш» деген өлеңін өміrbаяндық өлеңге жатқызуға болады. Бұл туындыда автор дауасы жоқ көріліктің келгендігін, бойдағы күш-куатты алып қойғандығын айтыш, өткен өміріне шолу жасайды, оның босқа өткендейгіне өкінеді.

Жетпістен жасым кетті сексенге асып,
Тоқырап шіркін көңіл, отыр жасып,
Уақыт босқа өткізген ойға түсіп,
Қасіретпен өкінем қатты сасып [1,318], –

дейді ол бұл өлеңде. «Ата-ана туралы» деп аталағын ұзақ толғауының бір бөлігінде де өміrbаяндық өлеңге тән сипат бар. Мұнда ол он жас шен алышыс жас аралығындағы адам өмірінің кезеңдерін санамалап шығып, соның көбін өзінің ғапылдықпен өткіzetініне қынжылады [4,114-115].

Ақынның «Баба Машын һәм Ахмед» атты баллада текстес шыгармасына Қожа Ахмет Ясаудің өміріне байланысты айтылатын бір хикая өзек болған. Мұнда Хорасаннан шыққан Баба Машынның Түркістанда дінді бұзып жүрген Ахмет атты шайық бар деп естіш, оны түзу жолға салмақ ниетшен Түркістанға келгені, Қожа Ахмет Ясауи оны шәкіртеріне күшшен байлатып, 500 дүре ұрғызғаны, бірақ Баба Машын бір дыбыс шыгармағаны, 500-ден бір қамшы артық ұрған кезде ғана, жан даусы шығып, кепшірім өтінгені, бұдан соң Қожа Ахметтің бұл жағдайдың сырын Баба Машынның арқасына жабысып тұрган диодан деп түсіндіруі, Баба Машынның өз қателігін, адасқандығын түсініп, шайыққа шәкірт болғаны баяндалады. Ақын осы оқиғаны баяндаш болған соң, кәмілдікке жеткен ұстаздың аса қажеттігі, оны түсінбекендердің күні қараң екендігі, дін жолындағы ұстаздықтың жауашкершілігін молдығы және оған өзінің лайықты емес екендігі жайлы ғибратты ойларын айтады [4,280-282]. Шығарманың басында бұл хикаяның Юсуф Байфауыз (дұрысы – Юсуф Байзауи, бастырушылар тарашынан жіберілген қателік болса керек – Б.Қ) арқылы жеткені айтылғанымен, сонында берген түсініктегі оның хикметте бар екені көрсетіледі. Демек Балмағамбет бұл сюжеттік желіні Қ.А.Ясаудің «Диуани хикметінен» алған. Шынында да, «Диуани хикметте» дәл осы сюжет бар, ол хикметте кәмілдік дәрежесіндегі ұстаздызыз мұриттің ешбір хәқиқатқа жете алмайтыны туралы ойға қызымет етіп тұр [3,196-198]. «Муршид болмай һар киз мурад табмадилар» [3,197], – деген түйін Балмағамбетте «Ұстасаң кәміл ұстаз етегінің (дұрысы «етегінен» – Б.Қ.), Жерінде қателескен болар дайын» [4,281], – деп жаңғырады. Балмағамбет одан әрі қарайғы сөзін өз замандастарына арнайды. Осындағы нәрселерден ғибрат алмаудың мысалы етіп өз өмірін көрсетеді. Осы тұста өзін барынша төмендетіп, күнәһар сипатында беретін сонылық таным тағы да бой көрсетеді. Ақынның бұрыннан бар сюжетті жырлай отырып, өз ойын қосуы, өз заманының шындығынан хабар беруі шығыстық нәзира дәстүрінің кейір қасиеттерін еске түсіреді.

Б.Балқыбайұлы шығамапшылығындағы Ясауи хикметтерінде бар тағы бір дәстүр – шыгармаға негіз болған Құран аяттарының қажетті тұстарда беріліп отыруы. Ясаудің өз хикметтерінің ішінде аяттарды жиі келтіріліп отыrsa, 25, 26 хикметтері негізінен Құран аяттарынан тұрады [3,174-175]. Балмағамбеттің шығармаларына да аяттар мен хадистер, қасиетті дүғалар көп қолданылған [4,85;197;198;210;216;217;218;250;227 т.с.с.]. Соңдай-ақ бұл екі шығармашылық иесіне ортақ қасиеттің бірі – мінажат мазмұнындағы шумақтар мен тармақтардың аса молдығы.

Балмағамбет шығармаларындағы Ясауи дәстүрі тек мазмұндық байланыс шен рухани сабактастықтан, бір сюжетті жарыса пайдаланудан ғана емес, көркемдік тәсілдер туыстығынан да аңғарылады. Олардың арасындағы реминисценциялық жалғастық – осының ең жарқын дәлелі. Фылыми әдебиеттерде «реминисценция» деп жазушының өзіне дейінгі әдеби

Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

мәнбелерден жекелеген элементтердің айқын көрінбейтін дәрежеде пайдалануын, поэзия мен музыкадағы бөгде шығарманың дыбысын (отзвук) айтады [6, 352]. Балмағамбет туындыларында Ясауи хикметтері мен оның жолын қуушылардың, өсіресе, Абайдың шығармаларындағы кейбір тұстарды бұлыштыр түрде еске түсіретін көркемдік және бейнелеу құралдары жеткілікті. Соның бір-екі мысалын бере көтейік. Мысалы, Қожа Ахмет Ясаудің:

Бишект билиң бу дуния барча халқдин утер-а,
Инанмағыл мальща бір күн қолдан кетер-а.
Ата-ана, қарындаш қайан кетті фікір қыл,
Төрг аяқлық чобан ат бір күн сәңа иетер-а.

(Шек келтірме, бұл дүние жарапандардың бәрінің
басынан өтеді,
Байлығыңа сенбе, ол бір күні қолдан кетеді.
Ата-ана, туған-туыс қайда кетті, терең ойлан
Төрг аяқты ағаш ат саған да бір күн жетеді) [10], –

деген хикметіндегі табытты ағаш атқа балау Балмағамбетте де бар. Бұл бейненің ұқастығы кездейсоқтық емес екені көміл.

Өлмейтін жан дүниеге келмеген.
Кімдер қалды бұрынғылардан өлмеген.
Су жүзінде бір-бір жүрген салынды
Тоқтай алмай, келеміз ағыш селменен.
Санаулы дем, өлшеулі күн біткен күн.
Табыт мініш, лахатқа кімдер желмеген [4,100], –

(курсив біздікі – Б.Қ.) деген шумақтағы *міну*, жело етістігі табытты атқа балаудың күрделі көркемдік ассоциация арқылы берілген түрі. Балмағамбеттегі Ясауи дәстүрі тілдік құралдардан да жиі көзге түседі. Мәселең, Қожа Ахмет Ясаудіде «аса мол» деген ұғымды *дария* сөзі арқылы беру бар. Ясаудіде: «Андин сұнра дария болыб таштым, дослар» [3,197], «Он бириимда рахмат дария толыб тащды» [3,137], «Хақиқатни дариясиға батар, дослар», «Хақиқатни дариясими хатари куб» [3,189], – деген тәрізді осы балама қолданған жолдар көп болса, ол Балмағамбетте де осымен туыстал: «Дариясынан зұлматтың» [4,62], «Дариясынан рахматтың» [4,87;88], «Бақыты судай тасады» [4,57] – деген жолар аз емес. Екі ақында көркем бейне жасауда да ұқастықтар жеткілікті. Мансұр әл-Халладжды Қ.А.Ясаудің дәріптегеніндей, Балмағамбет те Мансұрдың жазалануына себеп болған «Ана әл-Хақ» деген сөзінің мәнінің терендігін жырға қосады, сондай-ақ Ясауи

сияқты Ҳаққа ғашық болғандардың халін Ләйлі-Мәжнұн бейнесінде береді [4,71]. Нәпсіні кейіштеу арқылы бейнелеу, адамиландырыш беру – Ясауи қаламына тән ерекшеліктің бірі. «Hy appasin алибан, Нафис бапшиға салибан» [3,203], «Набсиң сени бақыб турсаң нелар демас» [3,203], «Нафсини тебкил, нафсини тебкил, ай, баткарлар» [3,204], – деген жолдар соның дәлелі. Балмағамбеттегі «Нәпсінің көзін оймасаң» [4,116] секілді жолдар мен «Нәпсінің жауабы» атты өлеңі [4,146-147] осы дәстүрдің жалғастығы екені анық.

Адамның қабірдегі халін бейнелеуде Ясауи мен Балмағамбетте бейненің ұқастығы ғана емес, авторлық тұрғының үндестігі де бірден көзге шалынады. Ясауи: «Әлсіз болып жатқанда, періптегер кіргенде, «Мән рәббүк?» деп сұрағанда, не қылғаймын, Құдай-а» [11], – десе, Балмағамбет: «Мұңқір-Нәңқір келерде, Бере көр Алла амандық!» [4,78], – деп жалбарынады. Соңдай-ақ:

Өлейін деп жатқанда,
Ауыру жанға батқанда.
Жан ашудың зардабын,
Фаріп пенде татқанда [4,50-51], –

деген жолдар да хикметтен алынған мысалмен мазмұн жағынан да, тілдік қолданыс тұрғысынан да етene жақын. «Хикметтердің» Қазан баспасынан шыққан нұсқасындағы 88 хикметте баяндалатын көлима айтқан адамның аузынан ұптыш шығып, өзінің пайда болуына себеп болған адамға үздіксіз жарылқау тілейтін жасыл құс [11,109] туралы Балмағамбет те жырлайды [4,135]. Бейне жасау жолдарындағы мұндай байланыстардың мақсатты тұрде пайда болғаны айдан анық

Кожа Ахмет Ясаудегі теңеулердің басым бөлігі ислам әлемінде әйгілі тұлғалар есіміне қатысты болса, бұл – Балмағамбетте де аз кездеспейді. Мысалы, Ясаудегі: «Ғашық болсаң *Баязитдек* узиң сатқыл» [3,214], «Дидар учун жашни құрбан қылмағунча, *Исмагилдик* дидар арзу қылмаң, дослар» [3,186], «*Musa сифат* Тор тағида куриб дидар» [3,226], – деген сияқты теңеулер Балмағамбетте: «*Біләлдай* күнге қақташ, үрса қайтшау» [4,92], «*Хатымдай* сақылғың мәшін болса» [4,142] – деген сипатта жалғастық табады.

Ақынның Ясауи жолын ұстанған сопы-ақындардың көбінің шығармаларымен таныс болғаны, олардан да рухани және көркемдік тағылым алғаны сөзсіз. Мәселен, оның:

Дахия Ностың уәзірі,
Асхаб, Қағап ерлері.
Таудың тесік астында,

Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

Бүгінгі жатқан жерлері,
Мәдінің болыш сардары,
Ішінен шығар шерлери [4,62], –

деген жолдар Сұлеймен Бақырганидың «Ақырзаман кітабындағы» бағындалатын оқиғаларды еске түсіреді. Қожа Ахмет Ясаудің өзінен бұрынғы әдебиеттен, фольклордан алыш пайдаланған көркемдік тәсілінің бірі – айтыс ұлғісін пайдалануы болатын. Оның 50 хикметі Пейіш пен Тозақтың айтысын бейнелейді [3, 206-207]. Сұлеймен Бақыргани де өзінің ұстазының ізімен Пейіш пен Тозақты айтыстырады. Сонымен қатар оның өзінің ібіліспен айтысы, Рух пен Нәпсі айтысы туралы хикметтері бар [12]. Балмагамбет те осы ізben нәпсімен өзінің айтысын жырға қосқан [4,145-147]. 1913-1917 жылдары Қарнақ медірессесінде оқыған [4, 21-22] ақынның Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттерінің, өсіреле, Бақырганидың шығармаларынан мейірі қана сусындағаны, олардан таусылmas тағылым алғаны шұбәсіз. Сұлеймен Бақырганидың және басқа да Ясауи шәкірттерінің ұстазын дәріптегені сияқты Балмагамбет те ұлы шайыққа арнап мадақ жырын шығарған. Ол бұл турали:

Хожа Ахмед Яссави,
Сәл саласы (силсала – Б.К.) сәл салам,
Атын білген бар ғалам.
Халафылық қылыш ол затқа,
Сөз айтшайды бір көлөм [4,99] –

деп жырлайды.

Б.Балқыбайұлы адамдық һәм ақындық өнеге алған тағы бір ұлы тұлға – Абай. Бұған дәлел болардық белгілер ақын шығармашылығында мол. Оның:

Қазақша өлең жазған Абай ақын,
Сары алтын сарыш етті еңбек хақын.
Фалым бол, надан болма деп зарлады,
Деген жоқ мынау алыс, анау жақын [4,282], –

деген сөздерінен Абай болмысын дәл бағалац, оны қаншалықты терен ұғынғанын көреміз. Реминисценциялық сабактастық бул жерде де аз емес. Мысалы, Абай:

Өлсе өлер, табиғат адам өлмес,
Ол бірақ қайтыш келіп, ойнап-кулмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес [13], –

деп, тән тіршілігі токтағанымен, жаң өлмейтіндіктен, «өлді» деген сөздің абсолютті ақиқатты танытпайтындығын мегзесе, Балмағамбет те: «Өлді деген ат қойып, Бетінді бүркеп жашқанда» [4, 51], – дейді. Бұл жерде сөздік қолданыстың бір типтілігі ғана емес, танымдық туыстықтың барын да аңғару қыны емес. Абаймен реминисценциялық байланыс:

Өлгөнше кісі ақысын жеп көрмедім
Бергенін ықыласымен жек көрмедім [4,146], –

дегендеге үйқас түрғысында көрінсе,

Кімдер білді, кімдер айтты,
Опасыз дүние дегенді.
Кім күйзелітті, кім өкінтті,
Дүниеге келгенді [4,141], –

деген шумақта ырғақ пен үйқастан, риторикалық сұрақтан көзге шалынады.

Б.Балқыбайұлы діни және ақындық тағылым алған тағы бір шығармашылық тұлға – Шәді Жәңгірұлы. Ақын Шәді есімін бірнеше рет ілтишатпен еске алады:

Шәдінің неше түрлі назым сөзі,
Үстазы рұхсат берген, демес өзі [1,333].

Шәдінің әрбір халық біледі атын,
Істеген түркі тілмен ол қызметін.
Халыққа оңайлатып «назым» айтты
Кітаптың парсы, ғараш ұлағатын [4,282].

Шәді – қазақ әдебиетінде дін тақырыбында ең көп қалам тербеген ақынның бірі. Оның жоғарыда аталған «Назым Сияр Шәріш» туындысы өз түсында тек қазақ арасында ғана емес, көршілес халықтарға да кеңінен танымал болған. Балмағамбеттің оны: «әрбір халық біледі атын», – деп жырлауы сондықтан. Шәдінің «Ахуал қиямет», «Назым Сияр Шариф» атты дастандарының Балмағамбет шығармашылығына тигізген ықпалы зор. Мұны ақынның Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар, оның сахабалары, отбасы мүшшелері, туыстары және басқа пайғамбарлар туралы жазғандары мен «Ахуалхаюм әл-қиямет» сияқты туындыларынан анық көре аламыз.

Шығыс әдебиетіне тән көркемдік өрнектер ақын шығармаларының әр түсінде көрініп отырады.

Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

Сахибі бұл кітаптың кәрі кісі,
Кісінің танымасаң бәрі кісі.
Пасыңтың, мұнафиқтың қас дұшпаны,
Мұттаи мұхлисқа дәрі кісі.
Тексерсөз шын аты Балмағамбет,
Лақабы халық аузында «сары» кісі [1,10] –

деп шығарма соңында автордың өзін таныстырыруы – осындай дәстүрлердің бірі.

Балмағамбет туындыларында ауыз әдебиетіне тән сипаттар да жеткілікті. Ол, негізінен алғанда, өз шығармаларын халық поэзиясына тән қара өлең және жыр үлгісінде жазған. Жоғарыда келтірілген «Кімдер білді, кімдер айтты» деп басталатын, жазба әдебиеттің, әсіресе, Абай шығармаларының ықпалымен жазылған жекелеген шумақтарда болмаса, көп жағдайда қара өлең мен жыр түрін пайдаланған. Осы орайда, Балмағамбеттің өз туындыларын сурыш салып та шығарған кездері болғанын айта кету керек. Жазушы М.Сәрсекеев Қаныш Сатпаев туралы кітабында 1933 жылы Жезді тауында өткен кен барлаушылары ұжымының мәжілісінде Балмағамбеттің Қанышқа арнаш домбырамен өлең арнағанын айтты, сол өлеңнің мәтінін берген [14]. Бұл өлеңнің біраз бөлігі жыр үлгісінде шығарылса, соңғы жағы шептендік сөздердің ыргақтық-интонациялық құрылымын еске түсіреді:

Ұлытаудай ұлы жұрттан
Алатайға аттанған.
Жезқазганның асылын
Армансыз-ақ актарған,
Қаныш едің зор тұлға.
Ен даланың сырласы,
Жеті қат жердің мұндасы,
Халқым тұған ер ұлға!
Елін сүйіп еңбегін арнаған,
Кендерін ашып, іздеуден тынбаған,
Өнері озған ғаламат.
Ей, Қаныш, арыстандай азамат!
Ғұмырлы болып, тұғырда тұру –
Біздерден саған аманат!..[14,302-303]

Бұл келтірілген үзіндінің 1, 9, 10, 12, 13 жолдарының буын саны шептендік сөздердің поэтикасына тән. Әрине, 7-8 буынды өлшемнен асып кететін жыр жолдары жыраулар поэзиясында да аз емес. Бірақ жырауларда мұндай жолдардың бәрінің соңғы бунағы 3 буынмен бітіп отырады. Ол 7-8 буынды

жыр үлгісімен осы тұргыда үйлесім табады. Ал соңғы бунақтың 4 немесе одан көп буыннан тұруы – поэзия мен проза белгілерін қатар жинақтайдын шешенендік сөздердің ыргактық өлшеміне тән. Балмағамбеттің бұл туындысының біз көрсеткен жолдары осылай аяқталған. Бұдан ақынның шешенендік өнерді де жақсы меңгергенін аңғарамыз. Балмағамбет өлеңдеріндегі ассонанс пен аллітерацияның молдығы да халық поэзиясының сипаттарын еске түсіреді. Ақын шығармаларындағы халық поэзиясына тән дәстүр өлең өлшемінен, дыбыс өuezділігінен ғана емес, жанрлық және көркемдік жақтарынан да арагідік бой көрсетеді. Оның көптеген шығармаларында толғау мен терме, арнау өлеңдерінің сипаттары бар. Мысалы, «Наданмен жолдас болмау» атты өлеңіндегі:

Тоқым салсаң тулар-ақ,
Семірсе мәстек жемменен.
Ауылдас, жолдас болмаңыз,
Ақылсыз туған кемменен.
Басыңа мүшкіл іс түссе,
Азаматпен ақылдас,
Аптылады көңілін,
Жақсыменен қоссаң бас.
Танып алар даныпшан,
Жатса жерде гауһартас.
Ақымақтан аулақ қаш,
Даналярға жақынлас,
Пейілі сараң наданың,
Басынан тұман арылмас [4,283] –

деген жолдардағы дидактика және өмірдің түрлі мәселелері туралы ой түйіндерін теріп айту ерекшелігі халықтық термеге тән сипат екені күмәнсіз. «Болыстыққа талассың» деген өлеңінің соңы да терме түрінде біtedі [1,339].

Дегенмен Б.Балқыбайұлы шығармаларындағы жаңапылдық та аз емес. Ақын қаламына тән шеберлікті көрсететін өзгеше сөздік қолданыстары мен тың көркемдік тәсілдері оның өз заманындағы сөз өнерінің көшінен қалмағаның, қайта өзі тұстас ақындардың көбінен оқ бойы озық болғанын айқындейді. Жаңа заман талабына сай туған жазба әдебиеттің басты шарттарынан хабары мол ақынның шығармашылығындағы өзгеше қасиеттер оның мақсат-мұратынан, дүниетанымынан, өмірлік ұстанымынан көп хабар береді. Ол түркі жүртynna Қожа Ахмет Ясауи танытқан рухани ілімді өз заманына сай тілмен, көркемдік тәсілдермен жеткізуі басты мұрат тұтты. Өйткені қазақтың ұлттық менталитетінің қалыптасуында осы ілімнің орны ерекше екендігін және өз тұсындағы мүшкіл күйге түскен рухани ахуалды қайта қалына келтірудің, сыртқы экспанцияға қарсы тұрудың кілті осында

Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

екендігін жақсы білді. Сондықтан оған алдыңғы кезекте мән берді. М.Горькийдің аузымен айтылған «Әдебиет – өмірдің айнасы» деген реалистік әдебиеттің басты сипаты Б.Балқыбайұлы шығармашылығында айқын көрінбеуінш де сырты осында. Себебі рухани ілімнің басты нысаны – бұл дүние емес, Жаратуштың сипаттары, сондай-ақ адамның ішкі әлемі және соған қатысты көзге көрінбейтін өзге әлемдер. Бұл – бір. Екіншіден, Балмағамбет өмір сүрген кезең шындығын, саяси жағдайға орай, «айна» ретінде көрсетудің мүмкіндігі аз болатын. Ал көріп отырган шындығын бұрмалау, саясатпен санаңың, жалған дәрілтеу – Ясауи жолының өкіліне мулде жат. Сондықтан ақынның бұл бағытта шығарма жазбауға бекінгені айқын сезіліп тұрады. Дегенмен оның заман шындығын көрсеткен аз өлеңдері «айна» қызыметін мұлтіксіз-ақ атқарған. Мәселен, «1933 жылғы зар» деп аталатын жалғыз шумақ өлеңінде қазақ халқының үштен бірін жалмаған аштық кезіндегі ахуал бүкілесіз бейнеленген:

Сиыр, қой былай тұрсың, кеже де жоқ,
Қаз, тауық былай тұрсың, шөже де жоқ.
Сары қымыз, қара саба, қайран халқым,
Ашыған күбісінде көже де жоқ [1,338].

Кеңестік саясаттың келеціз кесіптері, өз заманының сүр-өңсіз шындығы ақынның өзге тақырыптағы туындыларында да арагідік бой көрсетіш отырды. Көп тұстарда осы жайттарды арайы айтуды көздемесе де, қаламгердің бүкілесіз көнілі, шыншыл ойы заман шындығынан еріктен тыс хабар беріп отыруға себеп болған тәрізді. Мысалы, «Хақиқат тәубе» атты тахлил-өлеңіндегі:

Науміт қоймас жаратқан,
Сахарда тұрып зарласа,
Ағып жасы көзінен,
Ыңғыласымен парласа.
Бас кірлейтін мәжіліске
Зорламай тұрып бармаса.
Сұхбатына ғалымның
Кірісіңіз жармаса [4,85-86], –

деген жолдардың біз курсивпен бөліп көрсеткендері осындағы дәуір шындығын емеурінмен-ақ танытқан. Сонында адам жүргегін қарайтатын, кірлететін нәрсенің бірі – бос сөздің көп айтылуы. Бұл – кеңестік кезеңдегі бюрократиялық жиналыстардың басты ерекшелігі еді. «Зорлап барғызатын мәжілістер» де – Кеңес заманының ең айқын көріністерінің бірі болатын.

Бұдан автордың түпкі ойында ақиқатты бұрамалаш, саяси көзқарасқа бейімдеудің мүлде болмағанын көреміз.

Ақын шаригат жайын, дін және пайғамбарлар тарихын жырлаған шығармаларында да бұрынғы сүрлеумен кетпей, соны соқпақ ташқан. Бұл тақырыпта жырлаған алдыңғы ақындар, тіпті өзі үлті тұтқан Шәді де шағатайшылдыққа бой ұрса, Балмағамбет оны қазақ тілінің қаймағы бұзылмаған қасиетімен өрнектейді. Мұны да ақынның саналы түрде жасаған шығармашылық өрекеті деуіміз керек. Қазақ тілінің тазалығын сақтауға арнағы көңіл бөлгөн Абай көзқарасынан, баспасөз беттерінде осыны мәселе етіл көтерген алаш зиялыштарының еңбектерінен оның жақсы хабардар болғаны күмәнсіз. Сол себепті және жазғандарының өз тұстастарына барынша түсінкті болуын ойлаған ақын мұндай мәселелерде ескішілдікті қолайлы деп санамаған.

Оқырманның эстетикалық қабылдауына арнап шығарылатын жазба әдебиеттің, оның ішінде, лириканың өзіндік ерекшеліктерінің бірі – табиғат лирикасы. Кәсіби жазба әдебиетпен бірге, Ыбырай, Абай шығармашылығы арқылы қалыштасқан қазақ пейзаждық лирикасының дамуына Балмағамбет те өз үлесін қости. Ол туған жер табиғатын төгілдіре жырлайды.

Жоғары көтерілген таудың басы,
Арша, ыргай, қайың, терек қабыргасы.
Сылдырап жылғасынан ағар бұлақ,
Сияқты мәлдіреген көздің жасы.
Күндіз-түн тынбай аққан бұлақтары,
Санаң тоқсан тоғыз бар саласы [4,138].

Балмағамбет туындыларының тілдік көркемдігі де көз тартарлық. Ақын өлеңдерінде, өсіресе, айшықтау түрлері асқан шеберлікпен қолданылады. Сөздерді үнемдеу үшін көп сөздерді түсіріп айтту, сөздердің орын тәртібін өзгерте отырып, күнделікті қолданыста жүрген, қарапайым етістіктерден тың үйқас құраган кездे, бұл тәсіл шығармаға пырай беріп, құлшыртыш жібереді. Метафора мен символдың молдығы да ақын шеберлігінің бір көрінісі.

Дүниенің қызығын,
Алдыңа жайып, жайнатып,
Қызықтырып, қыздырып,
Қаныңды қатты қайнатып,
Жұттырмаққа қармақты,
Ақ шабақтай ойнатып.
Қараңғы көрге кірерсіз,
Жарық болған ай батып,
Рахат көрсе шыбын жан,

Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

Көрде де болыш, жай жатыш.
Жарап еді бір күні
Күн бітсе, бармақ шайнатыш [4,50], –

деген сияқты шағын түйдектер мен шумақтарда қарапайым әрі тосын көркемдік құралдар бір-бірімен жарыса қолданылып, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» жағдай туғызды. Мұндағы *ақ*, *жарық*, *қараңғы*, *шыбын* тәрізді жай және метафоралық әпшитеттер, *дүниенің қызығы* деген метонимия, *қармақ*, *ай* деген символдар, *жайып*, *жайнату*, *бармақ шайнату* деген етістіктерден айқын аңғарылатын кейінтеу, үшінші және төртінші тармақтардағы вертикальды және горизонтальды аллитерация, мұндай дыбыстық әуезділіктің бірнеше тармақты араға салып қайталануы, сегізінші қатардағы эллипсис, көп сөздердің үйқас пен көркемдік мақсат үшін орын тәртібінің алмастыра қоланылуы, *жайнату* және *бармақ шайнату* сияқты қарама-қайшы ұғымдармен берілген антитет ақын туындыларындағы көркемдік құралдардың молдығының және олардың әрдайым өзара сәтті үйлесім табатындығының дәлелі бола алады. Балмағамбетте мұндай мысалдар тіпті көп. Үйқас үшін инверсияны шебер қолдану және сөздік қосымшаларды арнағы түсіріш тастау немесе тыңдан қосып отыру – ақын қаламына тән өзгешеліктердің бірі.

Фафлет көрпе жамылып,
Қыны жоқ жатардың.
Бірінен өтпей мәз болдық,
Толыш жатқан қатердің.
Фашіл болмай достарым,
Азығын сайла сапардың [4,86], –

деген жыр жолдарындағы үйқастардың барлығы дыбыстық үндестікten басқа да салмақты көркемдік міндеттер атқарып тұр. Атап айтсақ, *жатардың* деген үйқастың эллипсистік қызметі күшті. Мұнда *жатқан жағдайдың* деген сөз тіркесінің мағынасы бар. Оның үстіне, оның алдында тұрган *қыны* деген сөздің *шілдандай қынндығы* деген тіркестің қызметін иеленіп тұрганын қоссақ, бұл жерде қанша сөз бен қосымшаның түсіріліп, үнемділік пен әсерлілікке септігін тигізгенін көреміз. Сондай-ақ етістікten жасалған бұл үйқасқа әдетте зат есімге жалғанатын ілік септігінің қосарлануы да жақашпа түр туғызған. Ал *қатердің сапардың* деген үйқастар символдық мәнге ие болыш тұр. Бұл үйқастардың тосындығы мен көркемдік қуатының күштілігі бола тұра, олардың күнделікті қолданыстан жиі орын алатын қарапайымдылығы – ақын елендеріндегі сиқырлы әсердің басты кілті. Бұл үйқастар осы үзіндідегі *көрпе* (метафора), *ғапіл* (метонимия) сияқты көркемдік құралдармен байланыса келе, өзгеше көркемдік кешен құраган.

«Мирас бол *ен салысу, сипті алысу*, Созылып жайды қанат әр тараңқа» [4,137] – дегендегі ішкі үйқас, оның кейіштеу төсілімен астасып кетуі де ақын шығармаларының эстетикалық қуатын барынша арттырып тұр. Мұндай тілдік құралдар тізбегі, дыбыс өуезділігі, үйқастың тың сипаты әрі құбылту түрінде келуі Балмағамбет шығармаларының өн бойында желі тартыш отырады. Тілдік құралдардың бұл тәрізді байлығы кәсіби жазба әдебиеттің өкілдерінде де сирек кездесетіндігін мойындау керек. Бұдан Балмағамбет Балқыбайұлының дәстүр мен жаңашылдықтың терезесін тең ұстағанын аңғарамыз. Онда сопы-ақындарға тән дәстүрді кие тұту да, кәсіби жазба әдебиет өкілдеріне лайық жаңашылдыққа саналы түрде ұмтылу да бар. Соңдай-ақ өзінен бұрынғы көркем әдебиеттің озық ұлғілеріндегі жетістіктерді игеру, оны сәттілікпен пайдалану шеберлігі – ақын таланттың танытатын сәттердің бірі.

Балмағамбет Балқыбайұлы шығармаларының дені қолданбалы мақсатта жазылған. Оның көп шығармаларындағы түскі ой – Жаратушыны танытатын, онымен қауышатын жолды көрсету. Автор мұндай тұстарда сопы-ақындармен үндеседі. Ал шарифат, дін және пайғамбарлар тарихын жырлауда кітаби ақындармен байланысады. Оның арнауға, термеге жақын өлеңдері халық ақындарының шығармашылығын еске түсіреді. Ақынның лирикасында Абай әсері де анық сезіледі. Өзінен бұрынғылардың еңбегін Балмағамбет кейде жанр, кейде образ, енді бірде көркемдік тәсіл түргысында үлгі етеді. Алайда ол дайын күйдегі көркемдік мазмұн мен шілшин шеңберінде қалмастаң, дәстүр аясында жаңашылдық жасап отырган. Оның негізгі жаңашылдығы портрет жасаудан, пейзаждық лирика тудырудан және тың тілдік құралдардан көрінеді. Ақын шығармаларының тілі бейнелеушілік және мәнерлеушілік құралдарға өте бай. Ол – өткен ғасырдың 30 жылдарынан кейінгі қазақ әдебиетінде Ясауи дәстүріндегі сопылық поэзияны дамытқан бірегей шығармашыл тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балқыбайұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Хадис-назым (құрастырып, баспаға дайындаған, алғы сезін жазған – Қ.Игісін). Алматы: Алаш, 2005, 167 б.
2. Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Йасауи. Көнілдің айнасы (Мират-ул құлуб) (дайындаған – Д.Кежетай). Анкара: Билиг, 2000, 15 б.
3. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы) (баспаға әзірлеп, қазакша аударғандар – М.Жармұхамедұлы, С.Дәүітұлы, М.Шағиғи). Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993, 175 б.
4. Балқыбайұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. Хадис-назым (құрастырып, баспаға дайындаған, алғы сезін жазған – Қ.Игісін). Алматы: Алаш, 2005, 85 б.
5. Массон М.Е. Қожа Ахмет Йасауи кесенесі. Сәрсен Бек Сахабаттың ықшамдаған тәржімесі. Шымкент: Жібек жолы, 2000, 22 б.
6. Борев Ю.Б. Эстетика. Теория литературы: Энциклопедический словарь терминов. Москва: ООО «Изд. Астрель»; ООО «Изд. ACT», 2003, с. 54-55.

Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

7. Словарь литературоведческих терминов (редакторы-составители Л.И.Тимофеев и С.В.Тураев). Москва: Просвещение, 1974, с. 83-84.
8. Қыраубаева А. Ежелгі дәүір әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1991, 19 б.
9. Досмұхамедұлы Х. Аламан (құрастырушылар, алғы сезін және түсініктемелерін жазғандар – Ф.Әннесов, А.Мектепов, Ш.Керімов). Алматы: Ана тілі, 1991, 24 б.
10. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. Алматы: Арыс, 2001, 22 б.
11. Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер. Алматы: Дайк-Пресс, 2000, 33 б.
12. Мәтбек Н.Қ. Сұлеймен Бақырганидің (Хакім Ата) әдеби мұрасы. Канд. дисс. авторефераты. Алматы: 2005, 11-12 б.
13. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. 1 т. Алматы: Жазушы, 2002, 161 б.
14. Сәрсекеев М. Қаныш Сатпаев. Алматы: Жалын, 1988, 302-304 б.

REZUME

B.S.KORGANBEKOV (Shymkent) TRADITION AND INNOVATION IN PRODUCTS BAIMAGAMBET'S BALKYBAYULY

Due to the constraint of a totalitarian regime, B.Balkybayuly works were not published until recent years. It is now appreciated that in this era of propagators Yasavi's teaching. As well he is a follower of poets, scribes and Abaevan tradition. Thanks to the rich artistic experience of the poet reached saturation innovation.

Б.Т.МЫРЗАГЕЛДИЕВА

АҚЫТ ҚАЖЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЯСАУИ ДӘСТҮРІ

Произведения Ақыт қажы Улімжұалы, которые были известны казахстанским читателям только в последние годы, в основном созданы в религиозном духе. Огромное влияние к ним оказало ясавийское духовное учение. В этих произведениях часто встречаются подражание к Х.А.Ясави.

Kazakistan halkına son yllara kadar belli olarak tawilan Akit Hacı eserlerinin doğunuğu derin dini manalara doludur. Bu eserler Hazreti Ahmed Yesevi ve Yesevilik, onun hal ilmi hakkındaki bilgileri içermiştir. Hazreti Yesevi'yi övmek, ona benzemeye çalışmak gibi unsurlar Akit Hacı eserlerinin ana fikirlerini oluşturmuştur.

Ақыт қажы Улімжіұлының өлең кітаптары XIX ғасырдың соңы мен өткен ғасырдың басында-ақ Қазан қаласынан жарық көріп, тек қазақ халқына ғана емес, бізбен туыстас, діндес халықтардың көбіне мәшіүр болса да, күні бүтінге дейін әдебиет тарихымыздан өзіндік орнын алыш болған жоқ деп сеніммен айтуға болады. Ақынның шығармалары ең өүелі өзі көзі тірі кезінде 1891-1914 жылдар аралығында Қазан, Орынбор, Семей баспаларында жеке-жеке кітапша ретінде басылым көрген еді. Осы кезде ол 9 кітабын 14 рет бастырған. Оナン соң өткен ғасырдың 70 жылдарында кеңестік Қазақстан мен Монголияда кейбір туындылары ішінәра басылым көрген. Қытайдағы Жұнғо коммунистік партиясы орталық комитетінің XI кезекті жалпы мәжілісінен кейін, Қытайда шығатын қазақ тіліндегі альманахтар мен журналдарда 1978 жылдан бастап санаулы ғана шығармалары басылған болатын. 1993 жылы Қазақстанда шыққан антологияға бірнеше өлең-толғаулары енген [1]. 1994 жылы Қытайдағы аз үлттардың байырғы шығармалар кеңсесінен Қ.Нұртазаұлы және Ф.Ақытұлы, Ж.Мырзақанұлы, Ә.Қалиұлылардың құрастыруымен Шыңжаң халық баспасынан оның шығармаларының 1 томы басылған. Ол 1998 жылы кайта басылған [2]. 1999 жылы тағы да байырғы шығармалар кеңсесінен Қ.Нұртазаұлының жинақ, құрастырумен оның 2 томы Қаһар Сіламжанұлының жауапты редакторлығымен басылыш шықты [3]. Соңдай-ақ 1994 жылы Қ.Қалмасқарулының құрастыруымен Баян-Өлгейден де ақын өлең-дастандарының жеке жинағы жарық көрген. Ақыттың шығармалар жинағы Қазақстанда соңғы жылдарда ғана баспа бетін көрді. Нақтырақ айтқанда, 2011 жылы Қазақстанда дайындалып, алғы сөзін философия ғылымдарының кандидаты Г.Омарова жазған ақын шығармалары толық жинағының екі томдығы Кония қаласында қазақ тілінде, кирилл алфавитінде басылыш шықты.

Ақыт Алтай аймағы Көктогай ауданының Қайырты өзенінің бойында 1868 жылы тамызда туылған екен. Ол Қазанда бастырған кітаптарында өз атын «Ахид бин уәлид Гүлімжі Алтайский Қарымсақов» деп беріш жүрген. Ел оны «Ақыт қажы» деп атады. Улімжі – Ақыттың өз әкесі, ал атасы

Б.Т.Мырзагелдиева. Ақыт қажы шығармаларындағы Ясауи...

Қарымсақ кезінде дәүлетті адам болған екен. Ақыттың анасы Жібек – Алтай өңіріне әйгілі шепен Бекжанбай Барлыбайұлының қызы. Ол он тоғыз жасында келіп бол түсіп, бала көтермей жүріп, тұңғышы Ақытты 33 жасында туышты. Үлімжінің Жібек, Бәкеш атты екі әйелінен алты үл, төрт қыз болады. Ақыт әуелі немере ағасы Садық Жебенұлынан, онан ауыл моласы Фұсыманнан мұсылманды саудат ашады. Бірнеше жылдан кейін, молқы елінің үкірдәйі (болыс деңгейіндегі ел басшысы) Жуанхан патша өкіметінен Алтайға қашып келген Мырзабақа (шын аты Махбубулла) деген молдаға өз елінің балаларын жиын оқыттырады. Осы кезде Ақыт та Мырзабақадан оқиды әрі бастауыш білім бойынша оқушыларға дәріс те береді. Жуанхан мен Мырзабақа екеуі де Ақытты өте ұнатады. Жуанхан Ақытты ел ішіндегі жұмыстарға пайдаланады, ал Мырзабақа Ақытқа араб, шарсы, көне түркі тілдерін жетік үйретеді, Шығыс әдебиеті мен ислам мәдениетін терең игертеді. Көп ұзамай Ақыт отбасылы, бала-шагалы болғандықтан, Жуанхан үкірдай оны құнкөріс үшін Қобда аймағында почта бөлімпесіне қызметке жібереді. Осы кезде ол монғол тілін, жазуыш және орыс тілін үйренеді. Бұл туралы ақынның «Керей ишпаны Мұхаммет момын» деген шығармасында бағындалады.

1891 жылы Қобда елінің ең ықпалды биі, дәүлетті кісісі Барлам үкірдай Жуанхан үкірдайдан қолқалап, өзіне хатшылыққа және өз ауылындағы балаларын оқытуға Ақытты алдырады. Сөйтіп Ақыт почта жұмысынан бала оқытуға аудысады. Соңда Ақыт 1891 жылдан 1907 жылы қажыларға ілесіп қажы сапарға аттанғанға дейін 16 жыл ағартушылық қызметін істеген болыш шығады. Ол 1907 жылы ораза қарсаңында қажы сапарына аттанып, 8 жарым ай жүріп, 1908 жылы мамырда елге оралады. Осыдан соң ол өз ауылында тағы да үздіксіз бала оқытады. Қобданың Ақбалшық деген жеріне мешіт-мәдресе салдырады. 1912 жылы Алтай елі оны Қобдадан көшіріп әкеліп, Көктогай, Бурылтогай, Шіңгіл елі қазы сайлайды. Онда өзі қазылық міндетін атқарумен бірге, тағы да бала оқытады. Осы кезде ол Көктогайдың Шәкүрты деген жерінде Ақ мешіт аталатын үлкен мешіт және екі сыншылық мәдресе, жайлауда да шағын мешіт, мәдресе салдырган. 1913 жылы Бурылтогай, Шіңгіл жерлерінде де мешіт пен мәдресе салып, имамдарға бала оқытууды жүктеген [4].

Шыңжанда компартия үстемдігіне дейін Жонғо үкіметі мұсылман халықтарына заңдық билікті шарифат бойынша жүргізген. Ал өкімет өкілдері тек әкімшілік істерін ғана басқарған. Азаматтық істер шарифат өкімімен жүзеге асқан. Ақыт осы міндет жүктелетін қазылық жұмыста 28 жыл бойы істеген. Соңдықтан оны көрнекті ақын ғана емес, белгілі қоғам қайраткері деп те есептеуіміз керек. 1939 жылы желтоқсанда, Алтай аймақтық сақшылары Көктогайға келіп, Ақытты тұтқындағы. Оның мешіт, мәдресесінде сақталған мыңға жуық кітабын, қолжазбаларын талан-таражға салады. 1940 жылы 1 қаңтарда Ақытты айдаш барыш Сарысұмбедегі

аймақтық сақшының тұрмесіне жабады. Бұған кектенген Көктогайды қазақтар көтеріліске шықпақ та болады. Оны Ақыттың өзі тоқтатады. Бұдан ақынның өз халқына қашшалықты қадірлі болғаны байқалады. Ақыт Үлімжіұлы 1940 жылы тамыз айында, 72 жасында Үрімжі тұрмесінде құрбан болады [5].

Ақыт қажының соңында мол мұра қалды. Екі томдық шығармалар жинағына екі олең-роман, жиырма дастан-поэма, қырыққа жуық олең-толғаулар енгенін және бұдан басқа тағы да дайындалып жатқан екі томдық барын [4, 2] есепке алсақ және бізге жетпеген, жоғалыш кеткен шығармалары да көп болғанын ескерсек, Ақыттың өте өшімді жазған қаламгер екеніне көзіміз жете түседі. Ақыттың өмірі мен шығармашылығы біршама зерттелді. Жоғарыда көрсетілген Қ.Жәнәбілұлының мақаласынан басқа Қазақстанда К.Жаңжұныштың, Н.Қазыбековтің, Т.Тебегеновтің, С.Бісқакулының, Ж.Сәмитұлының, Ш.Рахметұлының, Д.Қәпүлұлының, С.Кенжеахметұлы мен З.Кенжеахметованың, Г.Омарованың, С.Зейнұллаевтің т.б. зерттеушілердің де мақала-шікірлері жарияланды. Ал Қытайдағы газет-журналдарда Ә.Қалиұлы, Қ.Нұргазаұлы, Қ.Манағұлы, М.Сейтқалымұлы, Б.Жұмабайұлы, Ш.Оңалбайұлы, М.Әкуалы, Қ.Қалиасқарұлылардың мақалалары шықты. Сонымен қатар, З.Сейітжанұлының [6], Д.Мәсімханұлының [7], Ф.Ақытұлының [8] ақын өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптары да оқырманға ұсынылды. Солай бола тұра, Ақыт шығармаларының зерттелетін жақтары әлі де жеткілікті. Әсіресе, оның қазақ әдебиеті тарихынан алғын орнын анықтау мәселесі күн тәртібінен түсken жоқ десек, артық айтқаңдық болмайды.

Ақыттың өзінен бұрынғы әдебиет өкілдерінен үйренгені, алған тағылымы мол. Ол Абай мен Ыбырай Алтынсаринді жетік білген. С.Кенжеахметұлы мен З.Кенжеахметова бұл туралы: «Ақыт ақын Абайды да, Ү.Алтынсаринді де білді. Әсіресе, ұлы Абайды шір тұтты, ұстаз тұтты, оның жолын қуады, жасыратыны жоқ еліктеді» [9], – дейді. Ал Қ.Жәнәбілұлы: «Ақын шығармаларының 1-томының 182-бетінен 302-бетіне дейінгі Абайға еліктең жазылған 55 олең түгел дерлік Ақыт өзі кіріспе сөзінде айтқаңдай, ұлы Абай ойларын дәріштеу, жалғастыру мақсатында жазылған» [5, 42], – дейді. Ақын шығармаларының екінші томында да Абай олеңдерінің бастапқы жолдарымен бірдей басталатын олең-толғаулар аз емес. Бұны ақынның шығыстық нәзира дәстүрін жаңа заманға лайықташ қолдануы деп қараған да дұрыс сияқты. Бұл тақырышта Ш.Рахметұлының мақаласы да жарық көрді [10]. Сондай-ақ оның зар заман ақындарымен үндестігі де сөз болды [11]. Бірақ Ақыт қажының үйренген мағынауи және көркемдік тағылымы бұлардан аргы дәуірге кірері сөзсіз. Оның сошылық поэзиядан, әсіресе, Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінен де үйренгені мол. Солай бола тұра, бұл мәселе арнайы сөз бола қойған жоқ. Бұл туралы айтылған шікірлер де тым тапшы. Профессор Т.Тебегеновтің: «Бұл Йассаудің, А.Йұғінекидің,

Б.Т.Мырзагелдиева. Ақыт қажы шығармаларындағы Ясауи...

Ж.Баласағұның және т.б. исламдық суфизм ақындарының поэзиясында қалыштасқан дәстүрдің жалғасы» [12], – деген бағасынан басқа бұл мәселені қозғаған зерттеушін кездестірмедік.

Ясауи хикметтерінің негізгі тақырыбы – Аллаға ғашықтық. «Ясаудің адам туралы ілімі гуманизмнен өлдекайда кең әрі терең. Оның адам туралы ілімінің негізінде ғашықтық пен махабbat жатыр. Бұл жай ғана махабbat емес, Құдайға деген ғашықтық. «Құдайлық ғашықтық» деп тәңірді, адамды, жалшы жаратылғандарды қандай да бір ішкі есеп үшін емес, Ұлы тәңір үшін сүнді айтамыз. Міне, осындағы махабbat қана адамды адамдық санаға, адам деген құрметті атқа лайық болуға бағыттай алады» [13], – дейді Д.Кенжетай.

Дегдар болма, ғабид болма, ғашық болғын,
Михнат тартып ғашық жолда садық болғын,
Нәпсіні теуіш дерғаына лайық болғын,
Махаббатсыздардың жаны да жоқ, иманы да [14], –

дейді Ясауи бұл туралы. Ақыт та осымен мазмұндағас ойлар айтады.

Мақтан емес бұл сөзім,
Пірім десем жас келер.
Пірді ойламас жазғаның
Жүргегі қатты тас келер.
Аллаға ғашық шын ерлер
Хақ жолына бас берер [3,228], –

деп жырлайды ол. Ақын бұл сөзімен сопылық жолға шірсіз тұсуге болмайды деп санайтын Ясауи көзқарасын да қолдан түр. «Бұл жолға, ей бауырым шірсіз кірме» [14,72], – дейді Ясауи да.

Ясауи жолында сошыны мақсатқа жеткізетін қозғаушы күш махабbat болса, ол жүрек тазалығымен қолға келмек. Соңдықтан жүректі тазалау – басты міндеттердің бірі. Сопылық жолда «жүрек» сөзі кейде «қалбо», «қөңіл» сөздерімен мәндес қолданылады. Ясауде «көңіл қөзін ашу» жайында айтылса [14,101], Ақыт оны «жүректің түйінін шешу» деп береді. Мысалы, ол бірде:

Жүректегі түйінді,
Жадырап қашап шептерсің?! [3,428], –

десе, енді бірде: «Тәуба қыш, жүректегі түйінді шеш» [15], – деп жырлайды. Ақыттың шікірінше де жүректің ластығы – адам бақытсыздығының басы.

Бұл жалғанда мал бітсе,
Адамның азар шырайы.

Құлшылық қыл деп бұйырган,
Оны берген Құдайы.
Байыштатас бұл сөзді,
Жүректің қара лайы.
Ақырда босқа қалмайды,
Тіріде өзегі талмайды,
Бір құдайды ойласа,
Хақ жүрекпен шынайы [3,351-352], –

дейді Ақыт бұл жайында. Сөйтіп бақытқа жетудің жүректі тазалаудан басталатынын да ескертеді.

Ауызбен бақыт табылmas,
Жүректі түзу шын қылмай [3,363], –

дейді.

Ясауи жолында жүрек зікір арқылы, яғни Алланы үздіксіз еске алу арқылы ғана тазарады. Аллаға деген махабатты күштейтетін амал да – зікір. Қожа Ахмет Ясауи:

Закирлер әр демде зікірін айтар,
Тәубе қылыш бұрыс жолдан растқа қайтар,
Зікір айтса, өсте-өсте шауқы артар,
Келініздер закир құлдар зікір салайық [14,203], –

десе, Ақыт:

Өтілпі Әбіл, Қабыл, хазірет Шеші,
Тозақ бар жеті тамүқ – қайнанаған пеп.
Тозаққа ақыретте болар қалқан,
Зікір айт, ей, жаранлар, ергелі-кеш [15,6], –

деп жырлаған.

Ясауи жолындағы сопы рухани кемелденудің төрт сатысының барлығынан да рет-ретімен өтуі керек. Оның алғашқысы шаригаттан барлық дәруіштер тез арада өткенімен, оны ескерусіз қалдырмауы керек. Бұл туралы Ясауи:

Әр кім түссе тариқаттың жолына,
Әуелі қадамды шаригатқа қою керек [14,190], –

десе, Ақыт:

Сопыны сопы деменіз
Шаригатқа өзі нанбаса [3,377], –

дейді.

Б.Т.Мырзагелдиева. Ақыт қажы шығармаларындағы Ясауи...

Ясауи хикметтерімен үндестіктер Ақыт шығармаларының мазмұндық жағынан ғана емес, өлең құрылсынан да, тілдік қолданыстарынан да кездесіп отырады. Әсіресе, мұндай ұқсастық Аллаға сиынға сөздерінен анық көзге шалышады. Алайда бұл жөнінде арнайы сез қозғанан жөн. Ақыт Үлімжіұлы шығармаларындағы Ясауиден алғынған үлгілерді тереңдей зерттеу – алдағы күннің міндеті.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Қазақ поэзиясының антологиясы (ХХ ғасырдың бас кезі). Алматы: Фылым, 1993, 178-186 б.
2. Үлімжіұлы А. Шығармаларының толық жинағы. 1 т. Шыңжан: Халық баспасы, 1998.
3. Үлімжіұлы А. Шығармалары. 2 т. Құйтің: Іле халық баспасы, 1999.
4. Жәнәбілұлы Қ. Ақыт хакында // Үлімжіұлы А. Шығармалары. 2 т. Құйтің: Іле халық баспасы, 1999, 7-14 б.
5. Жәнәбілұлы Қ. Азаттық аңсаған Ақыт ақын // Абай, № 3, 2009, 42-43 б.
6. Сейітжанұлы З. Ақыт ақын. Алматы: Қазақ университеті, 2002.
7. Мәсімхан Д. Ақыт ақын әлемі. Астана: Елорда, 2001.
8. Ақытұлы F. Ақыт Үлімжіұлы. Алматы: Мұсылман баспа үйі, 2008. Кежеахметұлы С., Кенжеахметова З. «Бұл дүниеде кім қалар?» //
9. Парасат. № 4, 2006, 20 б.
10. Рахметұлы Ш. Абай мен Ақыт // Zaman-Қазақстан. 1995, 25 тамыз.
11. Зейнуллаев З. Ақыт Үлімжіұлы өлең-толғауларындағы зар заман сарыны // Қаз ҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 6, 2010, 247-249 б.
12. Тебегенов Т. Ақыт – ислам ағартушылығы поэзиясының ақыны // Казахская литература и мировая литература. № 1, 2004, с.17.
13. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Алматы: Арыс, 177 б.
14. Зейбек Н.К. Қожа Ахмет Йасауи жолы және таңдамалы хикметтер. Анкара: Бойут-Таң, 2003, 104 б.
15. Ахыт хажы Үлімжіұлы. Ахиретбаян. Баян-Өлгій, 1993, 6 б.

REZUME

B.T.MYRZAGELDIYEVA (Chimkent)
ARTISTIC TRADITION OF KHOJA AHMED YASAWI IN WORKS AKYT
KAZHY

Works Akyt kazhy Ulimzhiuly that were known Kazakh readers only in recent years, mostly created in a religious spirit. Huge impact it has had to Yasawi's spiritual teaching. In these works, often to imitate meets in H.A.Yasawi.

**Қ.МӘМБЕТОВ
М.МӘМБЕТОВА**

ТҮРКІ ӨЛЕМІ ЖӘНЕ АЛАШ

*В статье рассматривается позиция
Алашской интелигенции по отношению
к тюркскому миру.*

*Makalede Alaş aydınları Türk Dünyasıyla ilgili
görüşten değerlendirilir.*

Түркі өлемін бірлестірге барлық құштерін, саналы еңбегін жұмсаған ал-Бумын, Білге қаган және Күлтегін, Тонықек бабаларымыздың ел бірлігін сақтауда жүргізген қажырылы еңбектерін қазақ хандығының дәуіріндегі Қасым хан «Қасым ханың қасқа жолы», Әз Тәуке хан «Жеті Жарғы», Есім хан және Төле би Әлібекұлы, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке Бәйбекұлы сияқты ұлы тұлғалар бірлік пен татулықты, ынтымақты дамытушы даналар.

Береке тұбі – бірлік,
Бірлік тұбі – тірлік,
Жеңіс тұбі – ерлік [1], –

деп, Майқы би айтқан ой талай ғасырлардан бері қазақ халқының, түркі жұргызың дәстүрлі қағидасы, аталы сөзі болыш, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар өрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді [2].

Уақытша үкімет Қазақстанда ұлт мәселесін шеше алмас еді әрі аграрлық мәселені шешуге де ұмтылмады. Басқа езілген халықтар сияқты қазақтардың өзін-өзі билеуі немесе автономия алу мәселесін ол тіпті күн тәртібіне қоюға тырыспады. Бұл Ә.Бекейхановтың «Қазақ» газетінде өзінің Кадеттер партиясынан шығатындығын жүрт алдында мәлімдеуіне себеп болды. Ол үш мәселені атап көрсетті: «...Кадет партиясы жерді менишік етіп бергенді жөн көрді. Біздің қазақ жерді менишік етіп алса, башқұрттарша көбі мұжыққа сайып, біраз жылда сатылып, жалаңаш шыға келеді. Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алап ұранды жүрт жиналып, ұлт автономиясын тікпек болдық... Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, үкімет ісінен бөліп қойған болады. Мұны орысша «отдаление церкви от государства» дейді. Кадет партиясы менің бұл шілдіріме өзгеше қарайды.

Осы үш жолдың айырылғаны биыл ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа Алап партиясын ашуға кірістім» [4] (Қазақ, 1917. №256).

Қазақ халқының болашағын ойлаған ұлт көсемдері халқының тағдырына ара түсуге бар күш-куаттарын жұмсады. Халқының бірлігін, тұтастығын, ынтымағын ойлаған ұлт-азаттық қозғалысының басшылары бағдарына тәнген қауіп-қатерлерге қарамастаң бабалар жолын жалғастыруды өздеріне зор міндет етіп қойды.

«Алаш» партиясының басшылары Әлихан Бекейханов (оқымыстығалым, Ресей Конституциялық демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, I және II Мемлекеттік Думаның депутаты), Ахмет Байтұрсынов (акын, аудармашы, лингвист, «Қазақ» газетінің редакторы), Міржакып Дулатов, Жақып Ақбаев, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Бақытжан Қаратсаев, Халел мен Жанпа Досмұхамедовтар және басқалары – негізінен Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы мен Орынбор жоғары оқу орындары, училищелерінің түлектері. Көрнекті мемлекет қайраткері, математика профессоры, «Алаш» қозғалысына қатысушы Әлімхан Ермековтің деректеріне қарағанда, Әлихан Бекейханов Ленинмен бірге Санкт-Петербург университетінің заң факультетін өз бетінше бітірген, бірнеше шетел тілін білген. Сөйтіп, жиырма төрт жасында жоғары білімі жөніндегі екі дипломға (бірі Орман институты) ие болған, керемет білімді жас Санкт-Петербургтағы марксизм теориясын терең білетіндердің бірі ретінде атағы пыққан (Аққұлұлы С. Алаш-Орда қасіреті «Юридическая газета». №33-36. 1995) [2].

Олар Алаш партиясын құра отырып, қазақ халқының бірлігін, ынтымағын, ұлттық төлгумалығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын пындау дең санаған.

«Алаш» партиясының зиялышлары ағайыншылдық, рушылдық піғылдардан арылуға тырысты. Олардың шікірінше, қазақ қоғамын рулық-тайшалық ұстанымдар бойынша бөлінуден арылту, отарлық үстем саясат жағдайында ұлттық бірлікті орнықтыру үшін қажет.

1905 жылы 25 шілдеде Қарқаралы қаласына таяу Қоянды жәрменкесінде «Алаш» көсемдерінің бастамасымен қазақ съезі өтеді.

«Алаш» көсемдері Ресей Министрлер кеңесінің төрағасына петиция қабылдады. Онда:

- а) шаруаларды көшіріп әкелуді тоқтату;
- ә) қазақтар үшін дербес діни басқарма үйімдастыру;
- б) цензураны жою;
- е) ресми іс-қағаздарын қазақша жүргізу;
- г) қазылар сотын енгізу;
- д) қазақ депутаттарын Мемлекеттік Дума шақыру туралы жобаны жасау жөніндегі кеңестің жұмыстарына қатыстыру.

1905 жылы ояз бастығы Ақмола облысының әскери губернаторына: «Ресейдегі қоғамдық-саяси қозғалыс Ақмола уезінде де, әсіресе ондағы тұрғындарының мұсылман бөлігінде де үндестік тапты. Оның үстіне

Қ.Мәмбетов, М.Мәмбетова. Түркі өлемі және Алап.

мұндағы жұрттың құпия, бұрынғы талап-тілектері мен арман-мұндары ағытылып, айқын көрініс бере бастады», – деп арызданды [5].

Ұлттық сана-сезімнің оянуы негізінде түркі халықтарының тұтастануы, ынтымағы арта түсті. Түркітің бір бұтағы Алаш ұрпағы қазақтың тағдырын тереңден ойлаған.

М.Дулатов «Шағым» атты өлеңінде былай дейді:

Мен біткен ойшаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, Алап [3].

Ақын туған елі үшін бүкіл өмірін құрбан етуге дайын екендігін «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі», «Пайдалан шаруаңа жараса, Алап» деген өлең жолдарынан аңғару қызын емес. Бұл нағыз «Алап» құрескерінің бейнесіндегі болыш, ел аудында жатталып қалды.

Қазақ халқының ұлттық санасының оянуына М.Дулатовтың «Оян, қазақ» өлеңдер жинағы үшін-тәңіз ықпал жасады. Ол 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген еді [2].

«Алап» партиясының баспа органы болыш саналатын 1913 жылы жарық көрген «Қазақ» газетінің орны ерекше болды. «Қазақ» газеті халқының ұлттық сана-сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ, өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін көтерді.

Газет Орынборда басылып, алғашқыда 3 мың данамен шықты. Оның редакторы А.Байтұрсынұлы болды. Газеттің төңірегіне қазақ ақын-жазушылары мен журналистері, қоғам қайраткенлері Ә.Бекейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов және басқалар топтасты.

Ағартушылық, түркі халықтарының ынтымағы мен бірлігі «Алап» партиясының саяси көзқарастары газет беттерінде жарияланды. Жарияланымдардың отаршылдыққа қары сипаты өкімет орындарының наразылығын туғызды. 1913-1916 жылдардың өн бойында газет 26 рет жабылды, ал А.Байтұрсыновтың өзі өлденеше мәртебе тұтқындалды [6].

Орынборда 1917 жылы шілдеде бүкілқазақстандық съезде «Алап» партиясы құрылды. Құн тәртібінде 14 мәселе қаралды: Олар: мемлекеттік басқару жүйесі; қазақ облыстарының автономиясы; жер мәселесі; халық милициясын құру; земство; халыққа білім беру; сот, рухани-діни мәселелер; әйелдер мәселесі; Құрылтай жиналышын шақыру және қазақ облыстарында оның сайлауына өзірлік; бүкілпресейлік мұсылман съезі; қазақ саяси партиясын құру, т.б. [4].

Бұл мәселелер туралы айтылған ой-шілдер, ұсыныстар, тұжырымдар «Қазақ» газетінің бетінде жарияланып отырды.

Бұқылқазакстандық бірінші съезд шын мәніндегі қазақтың үлгитың саяси партиясы «Алаштың» съезі болыш айқындалды. Оның шешімінде: «Қазақ партиясын құрудың қажет екенін мойындағы отырыш, съезд бүкілрессейлік мұсылмандар кеңесіндегі қазақтардан барған өкілдерге осы партияның бағдарламасын жасауды тапсырды, соның өзінде бұл саяси бағдарламаның негізіне демократиялық федеративтік парламенттік Республиканы талаң ету (Ресейде құру) алынуы туиіс» [4], – деген жазылды. Әлихан Бекейханов, А.Байтұрсынов және буржуазиялық-демократиялық бағыттағы қазақ интелигенциясының басқа да өкілдері «Алаш» партиясының жетекшілері болды. Ұзамай 10 тараудан тұратын партия бағдарламасының жобасы жасалды. Партияның негізгі мақсаты Ресей Федерациялық демократиялық республикасының құрамында Қазақ автономиясын құру болды (Алаш-Орда. Құжаттар жинағы. Қызылорда, 1929, 19-бет).

«Алаш» партиясының зияллылары ұсынған қоғидалар күні бүтінге дейін өз маңызын сақташ отыр. «Алаш» саяси ұйымының жасақталуының өзі отандық тарихымызда жеріне жете зерделенбей келеді. «Алаш» партиясының бағдарламасын жүзеге асыру барысында дәстүр мен жаңашылдықты ұптастыру арқылы бұрынғы қазақ қоғамындағы белгілі қайпышылтықтардан арылуға мүмкіндік туды. Онда тужырымдалған етпелі кезең қоғидалары жаңғырту қарекетін біршама жүйелі атқаруға жағдай жасады.

Қазақ халқы өзінің басты мақсаты – үлттық мемлекеттілігін қайта қалпына келтіруге нақты мүмкіндік алды. Бірақ Ресей қоғамындағы тың дағдарыс бұзып кетіп, оның өзі болышевиктер партиясының диктатурасын орнатуға әкең соқты. Қазақтың ұлы зияллыларының жеке басының тағдырлары да қасретті болды. Алайда, «Алаш» партиясының зияллы өкілдерінің қазақ халқының мұддесі мен жарқын болашағы үшін күрескен үлттық жігер мен таласқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. «Алаш» зияллылары бабаларының тасқа қашаш жазған жазуда: «Ей, Түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей, сенің мемлекетінді, әдетінді кім жоя алады» [7], – деген ұлы қоғидатына берік болып, «Алаш» үлт-азаттық қозғалысының көсемдері өз заманының ұлы тұлғаларына айналды.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Нығмет Ж.Н. Қазақ тілі хрестоматиясы/ Оқу орыс тілінде жүретін мектеп пен гимназияның 8-11 сынып оқушыларына, орта оқу орындарына арналған оқу құралы. –Алматы: «Білім», 2003. –329 б.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 1999. –296 б.
3. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. Қазақ ССР Фылым акад., Әуезов атында. Әдебиет және енер институты. Құраст.: М.Әбсеметова, Г.Дулатова. Алғы сөзін жазған Ж.Ысмагұлов. –Алматы: «Жазушы», 1991. –384 б.

Қ.Мәмбетов, М.Мәмбетова. Түркі әлемі және Алаш.

4. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк). –Алматы: «Дәуір» баспасы, 1994. –446 б.
5. Әтішев А.Ә. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси ой-пікірі. Алматы, 1979, 131 б.
6. Қазақстан XX ғасырдың басында. –Алматы: 1994, 18-б.
7. Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. –Алматы: Қазақ университеті, 2003. –289 б.

REZUME

**K.MAMBETOV (Turkistan)
M.MAMBETOVA (Almaty)
TURKIC WORLD AND ALASH**

In the article deals with the Turk's world and Alash.

ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

3.ЖАНДАРБЕК

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕЛЕРИНІҢ ПАЙДА БОЛУ ЖӘНЕ ҚАЛЬПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Автор в статье делает научный анализ на этапы формирования казахской родословной

Yazar Kazak secerelerinin doğma ve oluşma devirlerini ilmî açdan tahlil eder.

Қазақ шежіресі қазақ тарихи жадының өзегі десек артық айтқандық емес. Алайда, сол қазақ шежіресі қазақ тарих ғылымында әлі күнге өз орнын ала алмай келеді. Өйткені, шежіре өз дәуірінде қандай қызмет атқарды, несімен құнды болды, халық санасынан әлі күнге өшпей келе жатуының себебі неде деген сұраптарға қазіргі тарих ғылымының жауап беруге қауқары жоқ. Қазақ шежіресі осы күнге дейін қанша зерттелсе де өзінің ішкі мәнін ашпай келеді. Оның себебі, зерттеушілердің шежірені бір ғана тұргыдан – этникалық үдерістер тұргысынан қарастыруы, сол бойынша байлам жасауды болып табылады. Ал, шежіре тек этникалық үдерістермен ғана байланысты емес, қоғамдағы барлық үдерістермен тығыз байланыста қалыптасқандығын, атап айқанда: діни, саяси үдерістер шежірелердің түзілүіне ықпал еткен факторлар болғандығы ескеріле бермейді. Оның үстіне шежірелердің бірін-бірі қайталамай, әртүрлі болып келуінің өзі зерттеушілердің адастырары немесе зерттеушінің шежірені тарихи құжат екендігіне күмәнмен қарауына ықпал еттері анық. Алайда, шежірелердің әртүрлі болып келуі астарында қазақ (турік) халықтарының басынан еткерген тарихи кезеңдердің сырлары жатқандығын қазақы дүниетанымнан хабарсыз, танымы евроцентристік көзқараста қалыптасып, тарихқа материалистік тұргыдан баға беретін тарихшы қазақ шежіресінің ішкі мәні мен мазмұнын танып-білуі қын немесе мүмкін емес.

Қазақ шежіресінің пайдада болуы қазақ халқының қоғамдық құрлысымен, мемлекеттік жүйесімен тікелей байланысты және сол шежіре түзілген дәуірдегі қоғамның құрылымдық жүйесінің сызба түріндегі бейнесі, әрі негізгі реттеуіші басты құжаты болды.

Қазіргі бізге дейін жеткен қазақ шежірелерінің қашан түзілгендігі туралы бізде нақты дерек жоқ. Бір шежіре Өзбек ханнан басталса, екінші шежіре Алаша ханнан бастау алады. Үшінші шежіре Өзбек ұлысының ханы Әбліхайыр ханнан басталады. Ал төртінші шежіре әріге кетіп, Мұхаммед Пайғамбардың сахабасы Аннас сахабадан бастау алады. Алайда, сол шежірелердің ішкі мазмұны сырттай қараганда бірдей болып көрінеді. Сонда қайсысы дұрыс? Бұл шежірелерді бір-бірінен ажыратып тұрған не нәрсе? Бұл да әлі қазақ шежірелерінің ашылмаған құпиясының бірі.

Қазақ шежіресінде күдік тудырып жүрген тағы бір мәселе – ол Ата Қазақтан қазіргі біздің замандасымызға дейін ары кетсе 22 ата немесе 11-13

3.Жандарбек. Қазақ шежірелерінің пайда болу және...

атамен шектеліп жатады. Мұны жылға шағар болсақ, 600-360 жыл шамасында. Сонда, оған дейін қазақ қайда болды? Қайсы халықтан бөлінді? Әлде жер бетіне шежіреде көрсетілген кезеңде түсті мे? Неге бұлай? Бұл сұрақтар жауап беруді талаң етеді. Бұл сұрақтарға жауап берілмейтін болса, онда біз шежірені ешқашан таныдық деп айта алмаймыз. Соңдықтан, қазақ шежіресін тану жолындағы ізденісімізді біз бұрынғы зерттеушілер жүрген жолмен емес, басқа бағытта жүргізгенді дұрыс санаймыз. Ол қазақ халқының басынан өткөрген діни, рухани үдерістер тарихы мен олардың қазақ шежіресімен байланысын анықтау бағытындағы ізденістерге дең қоямыз. Әрине, осы күнге дейін қазақ шежіресін зерттеп жүрген зерттеушілердің қазіргі қазақ халқы құрамындағы ру, тайпаларды көне дәуірдегі ру, тайпалармен байланыстырып, солардың тікелей ұрпақтары екендігін дәлелдегісі келетін ойлары да бар. Алайда, бұл тұжырыммен толық келісе қою қын. Қазіргі рулар мен көне дәуірдегі рулардың арасындағы генетикалық байланысты толығымен жоққа шыгаруға болмас, дегенмен солардың тікелей ұрпағы еді дегенді айту артық болары сөзсіз. Өйткені, араб, парсы жазбаларында аталатын түркілердің көптеген ру, тайпа аттары қазіргі қазақ немесе өзге түркі тайпалары арасынан кездестіре алмаймыз. Мысалы, X-XI ғғ. араб деректеріндегі оғыздар құрамындағы 24 ру, тайпаның қайсысы қазақ халқы құрамында бар? Жоқ немесе ірі рулық, тайпалық құрылымдар ішінде кішкентай аталарды ғана қурайды. Ал кейбір ру, тайпалардың аты сол кезеңнен бері әлі күнге өштей сақталып келеді. Бірақ, сол атауды сақтап келе жатқан руларды сол көне дәуірдегі халықтың тікелей ұрпақтары, ізбасарлары деп атау қын. Оның есесіне қазіргі қазақ халқының негізін құрап отырған ірі тайпалардың атаулары негізінен Шыңғыс ханмен бірге келген ру, тайпа атаулары екендігін де естен шығармауымыз керек. Бұл жерде тағы да «Сонда қалай, біз мына қазіргі қазақ жеріне Шыңғыс ханмен бірге келгенбіз бе?», - деген заңды сұрақ туады. Олай болса, осы күнгі «Қазақ автохонды халық емес» [1], - деп жалаулатып жүрген кейбір тарихшылардың айтқандарының дұрыс екендігін мойындаудан басқа шара қалмайды. Сол себепті, қазіргі бізге дейін жеткен қазақ шежірелерінің түзілу заңдылықтарын түсініп алмайынша, дәстүрлі қазақ қоғамындағы шежіренің де, ру, тайпалардың да халқымыз тарихындағы орнын анықтай алмаймыз. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін халқымыз VIII-XII ғасырлар аралығында басынан өткөрген тарихи оқиғаларға талдау жасаудан бастағанымыз дұрыс. Сонда ғана біз қазақ шежірелерінің Шыңғыс ханнан кейін бастау алу себептерін түсінеміз.

Түркілер ислам дінін VIII ғасырдың екінші жартысында қабылдады. Алғаш рет осы кезеңде түркі –ислам мемлекеттері тарих сахнасына шықты^{*}.

* Бұл мәселе біздің тарапымыздан жазылған «Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы» атты ғылыми монографияда жазылған болатын.

3.Жандарбек. Қазақ шежірелерінің пайда болу және...

Ол Қарлұқ-Қарахан, Оғыз мемлекеттері еді. Бұл мемлекеттердің дүниеге келуімен ислам діні түркі халықтарының дәстүрлі қоғамына өз ықпалын біртіндеп тигізе бастады. 951 жылы Сатуқ Бұға хан Абд ал-Каримның ислам дінінің дәстүрлі бағытын қабылдауы түркілерді ислам әлемінің құрамдас бөлігіне айналдырыды [2, 41]. Түркілер өзінің тілі мен дәстүрлі мәдениетінен ажырай бастады. Дәстүрлі түркі қоғамының ішкі қатынастарын реттейтін жүйенің өзгеріліп, шаригат үкімдерімен алмастырылуы түркілік әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің қолданыстан шығуына әкелді. Конеден келе жатқан экзогамдық (сыртқы) некелік қатынас өзгеріліп, оның орнын эндогамдық (ішкі) некелік қатынас басты. Рулас, қандас адамдар арасындағы некелік қатынастардың түркі қоғамына енүі дәстүрлі түркі қоғамындагы рулық, тайпалық жүйелердің ыдырауына әкелді [3, 18-19]. Бұл өз кезегінде түркі мемлекетінің құрылымдық жүйесінің күйреуіне, ыдырауына ықпалын тигізді. Өйткені, рулық, тайпалық жүйелер түркі мемлекеттігінің іргетасы болатын. Біртіндеп түркілерде мемлекетті басқарудың парсылық жүйесі қалыптасып, абсолютті билік жүйесі орнады [4, 369]. Кезінде арабтың тарихшылары мен географтары жазып қалдырган ру, тайпа аттарының халық санасынан өшүіне әкелді. Халық өзінің тегін білмейтін дәрежеге жетті. Ислам дінін қабылдаған түркілер XI-XII ғғ. қарсаңында өзінің дәстүрлі мәдениетінен, тілінен, мемлекеттік жүйесінен толық немесе жартылай ажырап, парсылану үдерісін басынан кешіріп жатқан болатын. Осы түркі халқының тағдыры қыл үстінде тұрған шақта Қожа Ахмет Йасауи сынды ұлы тұлғаның тарих саҳнасына шығып, ислам дінінің түркілер арасында өмір сұру формасын жасауы, араб, парсының мәдениетін қабылдамай-ақ мұсылман болу мүмкін екендігін түркі баласына дәлелдеп берді. Дін тілінің түркі тілінде сөйлеуі ғылым, білім, мәдениет, әдебиет тілінің түркіленуіне әкелді. Мемлекет тілі де түркі тілінде сөйлей бастады. Түркі қоғамынан аластатылған сыртқы неке қайта қалыптастырылды. Рулық тайпалық жүйелер біртіндеп қайтадан қалпына келтіріле бастады. Сол кезеңдегі Қарахандық билеушілердің өзі Қожа Ахмет Йасауи жолының дұрыстығын мойындал, түркі мәдениетіне қайта бұрылды. Түркілердің өзінің дәстүлі мәдениетіне оралуы ислам орталықтарында үлкен қарсылыққа тап болды [3,26-48]. Алғашында Йасауді ілім жолымен тоқтатпақ болған әрекеттен нәтиже шықпаған соң, Хорезмшах Мұхаммед түркілерді күшпен қайтадан парсы мәдениетіне мойынусындыру жолын ойластыруды. Біз сендерді қарақытайлықтар езгісінен құтқарамыз деген сылтаумен, Қарахандық мемлекеттер территориясына әскерін кіргізді. Түркілер үшін Хорезмшах езгісі қарақытайлықтардан асып түсті. 1210 жылы Отырадың билеушісі Білге хан ибн Хасан ибн Абд ал-Халық хан Хорезмшах Мұхаммедке қарсы көтеріліске шықты. Күрес Отыrap ханының жеңілісімен аяқталды. Білге хан тұтқындалып, Нисага жер аударылып, сол жақта елтірілді. Отырапга билеуші етіп Қайыр ханды тағайындағы [5]. Түркілер бұл бұғаудан шығудың жолын қарастыра бастады. 1216 жылы Құлжа өлкесінде

(казіргі Алматы облысының тарихындағы ислам дінінің түркілерде өмір сұру формасы - Йасауи жолын ұстанған алғашқы түркі-ислам мемлекеті болып қалыптасты. Бұл кішкентай иелік билеушісі Тоғрыл хан әйелі мен ұлы Сұғнақ тегінді, Майқы би бастаған билерді Шыңғыс ханға жіберіп, өзінің оған мойынұсынатынын жеткізіп, оны хан көтерді [2, 433]. Түркі мемлекеттігі мен түркі мәдениетінің қайта жандануының басы осы кезден басталды. Шыңғыс ханның Түркістан жеріне келуінің астарында оның тек соғысқұмарлығы емес, сонымен бірге, түркілердің Хорезмшахка, жалпы парсы мәдениетіне мойынұсынудан бас тартуы, рухани тәуелсіздікке деген ұмтылысы жатты. Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін Түркі даласында Жошы ұлысы атты мемлекеттің пайда болуы бұл түркі мемлекеттігінің шын мәніндегі қайта жандануы болатын. Бұл тарих оқырманға түсініктірек болу үшін Жошы ұлысы тарихына көнірек тоқталып, ондағы діни, саяси үдерістерге талдау жасап, олардың Жошы ұлысы құрамындағы түркілердегі этникалық үдерістерге қаншалықты ықпалы болғандығына тоқталайық.

Шыңғыс хан Евразия кеңістігін жауап алғаннан кейін өзі мойынұсындырған жерлерді Бөртеден туылған төрт ұлына бөліп берді. Қазіргі Қазақстан тарихының Шыңғыс ханның ұлкен ұлы Жошының иелігіне тиіді [2, 59-60]. 1236-1242 жылдар аралығында Жошының ұлы Бату ханның Батысқа жорығы кезінде Жошы ұлысының тарихының Дунай өзеніне дейінгі аралыққа кеңейтілді. Жошы ұлысының билеушілеріне тірек болған негізгі халқы түркілер болғанымен олардың арасында рухани, мәдени тұтастық жоқ еді. Олардың бір бөлігі Жошымен монғол жерінен келген әлі ислам дінін мойындаған, көне тәңірлік дінде болса, екінші бөлігі христиан дінінің неосторияндық бағытын ұстанатын, үшінші бөлігі будда дініне мойын ұсынса, Орталық Азия түркілері ислам дінінде, оның ішінде Йасауи жолындағылар да, кубравийа тариқатындағылар да, толығымен парсы мәдениетін мойындаған түркілер де бар еді. Ал, 1236-1242 жылдар арасындағы Бату ханның Батыс жорығынан кейін мемлекеттің ішкі рухани ахуалды мұлде құрделендіріп жіберді. Бұрынғы діндер қатарына енді христиан дінінің православие және католик тармақтары қосылды. Бату хан Батыс жорығынан кейін Жошы ұлысын аймактарға бөліп, оларды басқаруды өзінің 14 туысқанына басқаруға берді [6, 312-313]. Ол аймактарды билеп отырған Жошы ұрпақтары біртінде өздері билік жүргізіп отырған халықтың діни, мәдени ерекшеліктеріне икемделе бастады. Мысалы, Бату ханның інісі Берке ислам дінін, оның ішінде кубравийа тариқатын қабылдаса, Батудың ұлы Сартақ христиан дінін қабылдады. Бұл мемлекеттің іштей діни-мәдени ерекшеліктеріне қарай жіктелу ықтималдығы бар екенін көрсетіп берді. Осы діни таным негізінде алғашқы қақтығыс осы екі тұлғаның арасында болды. Оқиға былай болған еді. Бату хан өзі қартайған шағында өз орнына ұлы Сартақты отырғызууды ойладап, оны Ұлы хан Мөңкеге аттандырып, одан

3.Жандарбек. Қазақ шежірелерінің пайда болу және...

Жошы ұлысын билеу құқын беретін жарлық алғып келуге жібереді. Мөңке хан Сартақты жылы қабылдап, Жошы ұлысының тағы мен әскеріне, қол астындағы елдеріне билік жүргізетін жарлық шығарады. Бірақ Бату хан Сартақ келмей тұрып, қайтыс болады да, хан тағына Берке отырып алады. Сапардан оралған Сартақ бұл хабарды есіткен соң, Беркеге бармай басқа жаққа бұрылып кетеді. Берке хан оған кісі жіберіп: «Мен сениң әкенің тағына отырдым. Сен болсаң жат адам секілді қайрылмай кеттің», - дейді. Сонда Сартақ: «Сен мұсылмансың, мен христианмын. Мен үшін мұсылманның жүзін көрудің өзі бақытсыздық», - деп жауап береді. Мұны естіген Берке хан оңаша жерге барып, «Мұхаммед (а.с.) дінің хақ екені шын болса, онда менің дұрыстығымды дәлеңде», - деп жарагушыға жалынады. Үш күннен соң сол жерге Сартақ келіп, ақазаны ауырып, қайтыс болады. Одан кейін Берке хан өзіне қарсы келген Сартақтың анасы мен оның жақтастарын жазалайды [7, 19]. Ислам дінін, оның ішінде кубравий тариқатын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерді. Жошы ұлысының әр аймағына кубравий тариқаты өкілдерін жіберіп, бұл сопылық жолды жалпы халықтың сенімге айналдыруға күш салды. Алайда, түркілердің көпшилігі кубравий тариқатын қолдай қойған жоқ. Өйткені, бұл тариқат парсы мәдениетіне негізделген болатын [2, 58-59]. 1266 жылы Берке хан елеген соң оның орнына отырған Менгу Темір бұл жолдан бірден бас тартты. Ол моңголдардың көне дінін қалпына келтірді. Бірақ, Менгу Темір де, одан кейінгі хандар да ислам дінінен толық бас тарта алған жоқ. Өйткені, Жошы ұлысының негізгі одақтасы болған Мысыр мемлекеті мен жергілікті ислам дінін қабылдаған халықтың ықпалы күшті болатын. Оның үстінен хан сарайындағы бүкіл құжаттардың дені мұсылман қызметкерлердің қолымен дайындалатын. Мұның өзі хандардың біртіндеп, ислам дінін қабылдаудың әкелді. Мысалы, Тоқты хан атынан шығарылған теңгелерде оның атына «Амир ал-муминин» деген атақтың қосылғанын көреміз [3, 60-64].

Өзбек ханнан басталатын шежіре. Жошы ұлысында түбегейлі өзгеріс жасап, ислам дінін, оның ішінде Йасауи жолын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерген Өзбек хан болды. 1312 жылы Тоқты хан қайтыс болғаннан кейін Өзбек хан Жошы ұлысының тағына отырды. Ол ұзақ жылдар бойы Йасауи жолы өкілдерінің қолында тәрбиеленіп, солардың көмегімен Жошы ұлысының тағына отырды. Өзбек ханды таққа отырғызуда Хорезм әмірі Темір Құтлық пен оның туыстары Сарай Темір мен Мұхаммед қожа, Исабек, Алатай атты әмірлер белсенді әрекет жасады. Ол таққа отыра салысымен ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялаған жоқ. Мемлекеттік билікті толық қолына алғып, қарсыластарын бас көтермestey еткен соң ғана 1320 жылы ислам дінін, оның ішінде Қожа Ахмет Йасауи негізін салған сопылық жолды мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерді. Бұл оқиға Өтеміс қажының «Шыңғыс–нама», Ұлықбектің «Төрт ұлыс тарихы», Қадыргали Жалайиридың «Жылнамалар жинағында» баяндалады. Оның

ұстіне қазакта «Ислам Өзбектен қалған» деген қария сөз бар. Өзбек хан Йасауи жолын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтеріп қойған жоқ. Сонымен бірге, осы мемлекеттік идеология негізінде мемлекеттің құрылымдық жүйесін өзгертіп, қайта құрды. Бұрын қандық тұстық бірлікке негізделген рулық, тайпалық жүйелер ыдыратылып, олардың орнын рухани бірлік принципіне негізделіп, қайта топтастырылған рулық, тайпалық жүйелер басты. Қандық бірлік жеті ата деңгейінде қалдырылып, одан жоғары аталардың барлығы рухании бірлік негізінде топтастырылды. Осылай Жошы ұлысы құрамына кіретін барлық ру, тайпалар араластырылып жіберілді. Мысалы, керей Орта жүздің белді тайпасы, қаракерей найман тайпасы ішіндегі белді ру, Кіші жүзде керейт деген атаумен Жетіру бірlestігі құрамында жүр. Сол сияқты киікші Орта жүзде найман тайпасы құрамында, қоңырат тайпасы құрамында, Кіші жүзде Адай тайпасының құрамында бар. Мұндай қазақ рулярларының ұш жүздің құрамында араласа келуі сол Өзбек хан жүргізген діни идеологиялық саясаттың нәтижесі болатын. Сол себепті, қазақ халқында «Еншісі болінбеген қазақ», «Қасындағы әйелінді сұраса келсең, қарын бөле шығасды», деген аталы сөздер бар. Бұл араласулар қазақ ру, тайпаларын қамтып қоймайды, өзге түркі халықтары арасынан да кездестіруімізге болады. Татар, башқұрт, ногай, тіпті орыстар ішінде қазақ рулярларының аттарын кездестіреміз. Мысалы, Орта жүз қыпшақ тайпасы құрамында «тоқсоба» деген ата бар. Осы тоқсоба атауын Кіші жүз құрамынан да кездестіреміз. Сонымен бірге, «тоқсобалардың» орыстар арасына «тоқсочітер» деген атаумен сіңгенін көруге болады. Мұндай арасулар қазақ арасында көптеп кездеседі. Бұл Өзбек ханының діни-идеологиялық саясаты мемлекеттің бүкіл құрылымдық жүйесін қайта құрганының нақты дәлелі. Алтын Орда мемлекетінің қоғамдық құрлысын зерттеген Г.Федоров-Давыдов Өзбек хан тұсында Жошы ұлысын исламдандыру мен рулық, тайпалық жүйелерді қайта топтастыру үдерісі қатар жүргендігін айтады. Ол сол кезеңдегі Жошы ұлысында болған қайта құрулардыбы лайша тұжырымдайды: «Қыпшақ даласындағы көшпенілерге қатысты ескерткіштерді саралай отырып, мынадай екі жақты, қарама-қарсы екі ағымның қатар жүргенін байқадық: бір жағынан ескі рулық, тайпалық қатынастардың бұзылуы, олардың қасақана жойылуы, бұрынғы ру, тайпа басшыларының ықпалын жою; екінші жағынан, негізінде монгол шапқыншылығына дейін ғасырлар бойына қалыптасқан, олардың этникалық бірлігіне негізделген бұрынғы рулық, тайпалық құрылымдардан да мықты құрылымдар пайда болды. Осы қарама-қарсы екі қозғалыстың синтезін, басқаша айтқанда, Алтын Орда көшпенілерінің даму баспаудағын айқын көрсетіп берді» [8, 62-63]. Бұл жерде зерттеуші Жошы ұлысында болған қайта құруларды дөп басып айттып отыр. Қазіргі қазақ халқын құрап отырган рулық, тайпалық жүйелер мен жүздік құрылымдар осы Өзбек ханының діни-идеологиялық саясаты негізінде мемлекеттік жүйені реформалаудың

3. Жандарбек. Қазақ шежірелерінің пайда болу және...

нәтижесінде дүниеге келді. Өзбек хан өзінің саяси реформасын жүргізгенде бұрынғы рулық, тайпалық жүйелерді ыдыратып, олардың орнына жаңа рулық, тайпалық жүйелерді қайта топтастырыды. Реформаға дейін әр ру, тайпаны сол ру, тайпаның өз ішінен шыққан беделді тұлға басқаратын. Енді бұл реформаның нәтижесінде әрбір ру, тайпаның басына Йасауи жолы өкілдері әрі рухани басшы, әрі саяси басшы ретінде тағайындалды. Қазіргі күні бізге жеткен шежірелдердегі әр ру, әр тайпа басында тұрған «қожа», «сопы» атаулардың пайда болуы осыған байланысты. Осы реформа нәтижесінде бұрынғы ру, тайпа басшылары ғана емес, Шыңғыс хан әuletі өкілдері де саяси билік жүйесінен ығыстырылды. Қарсы шыққандары өлтірілді немесе жер аударылды. Тек Орда Ежен ұрпақтары мен Шибан ұрпақтары ғана қалдырылып, олар Алтын Орда ханына тікелей бағынатын болды [3, 64-75].

Жұздік құрылымдар осы кезеңде алғаш рет тарих сахнасына шығып, рулық, тайпалық жүйелерді біріктірген мемлекеттік құрылымдық жүйе ретінде қалыптасты. Алтын Орда мемлекеттің қоғамдық құрлысын зерттеген Г.А. Федеров-Давыдов қазақ жүздерінің қалыптасуы Алтын Орда мемлекеттің басқару жүйесіндегі өзгерістерге байланысты қалыптасқандығын айттып, ойын былайша тұжырымдайды: «Қазақ жүздері XII-XIII ғасырларда өмір сүрген көшпелі халықтың тайпалық-патриархалдық жүйесінің бөлшегі емес. Бұл бірлестіктер бұрынғы рулық, тайпалық жүйенің сарқыншақтарын сақтап қалғанымен, жаңадан құрылып, көшпелі ұлыс ретінде біріктірілген бір немесе бірнеше ханның иелігіндегі бірлестік [8, 62-63]. Демек, жүздік құрылымдардың алғаш қалыптасуы ретінде біз осы кезеңді айта аламыз. Өзбек ханның осы реформасы бізге дейін жетіп келген Өзбек ханнан бастау алатын шежіреде толық көрініс тапты. Шежіре тізбегінде аттары аталған кісілердің аңыздық кейіпкер емес, сол кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалар екендігін ескертуіміз керек. Олардың көпшілігінің тарихи тұлғалар екендігіне қолымызда жинақталған деректер дәлел бола алады. Енді соларға кезегімен тоқталып өтелік.

Біз бұл жерде алдымен қазақ халқының үш жүзге бөліну себебіне тоқталып өткеніміз абзal. Өзбек ханнан басталған шежіреде үш жүздің мемлекеттің құрылымдық жүйесі ретінде шежіреге енгенін, әр жүздің басында сол жүздің атасы ретінде тұрған «арыс» немесе «шора» атанған тұлғаларды көреміз. «Шора» сөзі Батыс түркілерінде «чор» деген нұсқада кездеседі және бес тайпа бірлестігінің басшылары осылай аталғанын көреміз. Ал, Талас жазуында кездесетін Қара-чор атты кісі хан әuletінен шыққан ханзадалардың рухани тәрбиесімен айналысатын түркі-манихей дінінің өкілі, сонымен бірге, «чорлар» түркі мемлекеттік жүйесінде жоғарғы лауазым иесі болған [9, 33-34]. Ал, «шора» сөзінің қазақ тіліндегі тағы мағынасы «құл» дегенді білдіреді. Ал, сопылық жолда «құл» болу, «топырақ болу» сопылық дәрежеге, Жаратушыны табу жолындағы рухани сатыларға

жатады. Демек, жүздер басында тұрган «арыс» немесе «шоралар» рухани сала өкілдері, басқаша айтқанда, сол жүздік құрылымдардың жетекшілері дегенді білдіреді. Неліктен үш жүзге бөлінді, не себепті Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз атанды? Бұл сұрақтарға жауапты сол кезеңдегі Жошы ұлысындағы діни-идеологиялық үдерістермен бірлікте қарастырғандағанда жауап береміз.

Йасауи жолы негізінен үш тармақтан тұрады. Ол үш тармақ Түркістан жеріне ислам дінін әкелген үш тарихи тұлғаға барып тіреледі. Біріншісі, Исхақ баб – («Насаб-нама» деректері бойынша) шежіре бойынша Мұхаммед ибн ал-Ханафийаның бесінші ұрпағы, Түркістан жеріне ислам аша келген тұлғалардың бірі. Ал, Ибн ан-Надимнің «ал-Фихрист» атты шығармасындағы дерекке қарағанда Али ибн Абу Талибтің ұлы Хусейн әuletінен тараған, 742 жылы Хорасанда дарға тартылған Йахийа ибн Зайдтың ұлы, әкесі тұтқындалған кезде түркілер арасына келіп панаған. Сол себепті, арабтар оны Исхақ ат-Тұрік деп атайды [10, 115] (Ибн ан-Надим). Қожа Ахмет Йасауи осы Исхақ бабтың 13-ұрпағы. Йасауи жолының бір тармағын осы Исхақ баб атымен байланысты қожа әuletтері құрайды. Бұларға кезінде Исхақ баб әuletінен өзге Али ибн Абу Талибтің басқа ұрпақтарының келіп қосылғанын көруге болады. Сол себепті, бұл қожалар әuletі «Саййид» әuletі деп аталады [11]. Өзбек ханның саяси реформасы кезінде бұл әulet Ұлы жүзге (пір болу) және хан әuletіне пір болу қызметі тиді. Қазақ шежіресінде «Ақарыс» деп аталған тұлға Йасауи жолының шежірелерінде осы Исхақ бабтан бастайтын қожалар әuletінің екілі.

Йасауи жолының екінші тармағы өз шежірелерін Абд ар-Рахим бабтан бастайды. Абд ар-Рахим баб - шежіре бойынша Мұхаммед ибн ал-Ханафийаның төртінші ұрпағы. Исхаб бабтың әкесі Абд ар-Рахман бабтың інісі. Түркістан жеріне «ислам аша» келген тұлғалардың бірі. Қазіргі Қазақстан тарихындағы 766 жылы Қарлұқ хандығының негізін қалаған тұлға. Атақты Қарахандық билеушілер осы Абд ар-Рахим бабтан тараған әulet болып табылады. Осы әuletten шыққан Отырадың соңғы ханы Білге хан 1210 жылы Хорезмшах Мұхаммед сұлтан тараپынан өлтірілді. Шыңғысхан шапқыншылығынан кейін бұл әulet өкілдері рухани салаға ауысып, Йасауи жолының бір тармағын құрап, Қарахандық қожалар деп аталды. Орта жүзге пір болған Жанарыс - осы әulet өкілі [3, 110].

Йасауи жолының үшінші тармағы өз шежірелерін Абд ал-Жалил бабтан бастайды. Абд ал-Жалил баб - Хорасан Ата - шежіре бойынша Абд ал-Жалил баб та Мұхаммед ибн ал-Ханафийаның бесінші ұрпағы болып табылады. Исхақ бабтың інісі. Бұл да ағаларымен бірге Түркістан жеріне «ислам аша» келген тұлғалардың бірі. «Насаб-нама» деректеріне қарағанда Сырдарияның орта және төменгі ағысында VIII ғ. екінші жартысында дүниеге келген Оғыз мемлекетінің негізін қалаушы осы Абд ал-Жалил баб-Хорасан Ата. Қазақ

3.Жандарбек. Қазақ шежірелерінің пайда болу және...

арасындағы қожалардың бір әулеті осы Хорасан қожалар. Кіші жүзге пір болған Бекарыс осы Хорасан қожалар әулетінің өкілі [3, 110].

Өзбек ханның діни-саяси реформасы кезінде Йасауи жолының осы аталған үш тармағының жетекшілері үш жүзге пір болды. Ортағасырларда ру, тайпа бірлестіктері жұз деп аталған. Ал, олардан дәрежесі төмендер тайпаға, олардан дәрежесі төмендер руға, одан төмендер Ата мен ауылдарға пір болды. Осылай Жошы ұлысындағы түркілердің рухани бірлігі қалыптастырылды. Жүзге, ру, тайпаларға пір болған тұлғалардың барлығы дерлік Өзбек ханнан басталған шежірелерде аттары жүр. Қазіргі күні сол тұлғалардың тарихта болғандығы дәлелденіп отыр.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Масанов М. История Казахстана: народы и культуры. Учебное пособие / Масанов Н. и другие. Алматы: "Дайк-Пресс", 2001. с.58.
2. Бартольд В.В. Сочинения. Т. II-1. –Москва: Изд. Вост. Лит-ры, 1963. с. 41.
3. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. –Алматы: «Ел-шежіре», 2006. 18-19 бб.
4. Бартольд В.В. Сочинения. Т.I. –Москва: «Изд. Вост. Лит. 1963. с. 369.
5. Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2008.
6. Сапаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды // На стыке континентов и цивилизации. –Москва: «Иман», 1996. сс. 312-313.
7. СМИЗО, 1941. с. 19.
8. Федоров-Давыдов Г. Общественный строй Золотой Орды. –Москва: Изд. МГУ, 1973. с. 62-63.
9. Торланбаева К. Титулы древних тюрков // ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. НИЦ «Ғылым», 2002. с. 33-34.
10. Ибн ан-Надим. Ал-Фихрист // Ясауи тағылымы. –Түркістан: «Мұра», 1996. 115 б.
11. Жандарбек З. Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2002. 131. б.

REZUME

Z.ZHANDARBEK (Turkistan) STAGES OF FORMATION OF THE KAZAKH ANCESTRY

Author of the article makes a scientific analysis of the stages of formation of the Kazakh ancestry

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

Т.О.ӨСЕРОВ
ЛСЕЙТЖАН

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, ЖАМБЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ ОРТАФАСЫРЛЫҚ БЕКТӨБЕ ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

В статье подробно изложено об археологико-исследовательских работах, проведенных в средневековом городе Бектобе, который располагался в Джамбульском районе Джамбульской области.

Makalede Jambul vilayeti Jambul ilçesindeki Bektöbe şehrinde yapılan arkeolojik çalışmaları neticeleri söz konusudur.

Ежелгі Тараз Ұлы Жібек жолын жалғап жататын тұрақты дипломатиялық және сауда-саттық қарым-қатынас жасалатын күре тамыры болыш табылады. Ол алудан түрлі мәдениеттер мен халықтарды бір-бірімен байланыстырып, сонау ежелгі заманнан бері идеялар алмасудың тұрақты да маңызды факторы ретінде қызмет етіп келеді.

Тараз – Қазақстанның ортағасырлық қалаларының ішіндегі ең белгілісі, ең көпесі. VII ғасырда Тараз Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалаға айналып, осы кезден бастап ол кеңінен мәлім болады.

Жазба деректер бойынша, Таразда 568 жылы Византияның елшісі Земархтың түркі қағанды Дизабулдың қабылдауында болуынан кейін, бір ғасыр өткен соң 630 жылы Қытайдың монахы Сюань Цзянъ: «Юаньның батысында Долос қаласы орналасқан, қаланың аумағы 8-9 шаршы шақырым онда әр елдің саудагерлері мен соғылар тұрады», – дег жазады.

IX-X ғасырда Тараз қаласының сауда жолы бойына, егіншілікке қолайлы бай алқаптың ортасында, Талас Алатауындағы күміс кендеріне жақын жерде орналасуы экономикалық және мәдени жағынан өсіп өркендеуіне өз септігін тигізді.

Х ғасырдың жазба деректерінде Әл-Мақдиси Тараз қаласын былайша суреттейді: «Тараз – бекіністі үлкен қала, бау-бақшалы, халқы көп, айнала ормен қоршалған, төрт қақпасы және рабады бар. Қақпа алдынан өзен ағыш жатады, ар жағында қаланың бір бөлігі орналасқан, оған өтетін жол бар. Ал, базардың нақ ортасындағы мешіті көрініп тұрады».

Тараз – Тұргеш, Қарлық онан кейін Қарахан мемлекеттерінің орталығы болыш, өзінің ақшаларын шығарған. Қарахан әулеті билеген тұста, ол осы алшауыт мемлекеттің астанасы болған. Тағ сол кезеңде Тараз түрленіп, гүлденіп, қаланың құрымдылық жүйесі, көші жолдары қала стиліндегі бедерлі, сән-сәулетке ие болды.

Т.О.Өсеров, IСейтжан. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы...

Тараз қаласының орнын тұнғыш рет ғалым Ә.Х.Марғұлан француз ғалымдары А.Ромоди, Шааванье Де Грата, академик В.В Бартольд еңбектеріне сүйене отырып, көне қала екенін дәлелдейді.

Қала 1856 жылы - Әулие ата, 1936 жылы – Мирзоян, 1938 – Жамбыл есімін иеленген. Ал 1997 жылы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен ежелгі аты қайтарылып «Тараз» аталды.

2011 жылы сәүір және шілде айларының аралығында Жамбыл облысы өкімдігі мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалашына келтіру дирекциясы» Мемлекеттік мекемесі мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының қызметкерлері бірігіп, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы ортағасырлық Бектебе қалашығында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Бектебе қалашығы қазіргі Тараз қаласының батысында 12 км жерде, қазіргі Бектебе ауылының оңтүстік-батысында орналасқан. Қалашықтың көлемі 9 га шаҳристан бөлігі және оны қоршаған қорғаныс қабыргасының құлаңды түріндегі биіктігі 6 м. Қалашықтың солтүстік-батыс бөлігінде диаметрі 65-70 м-ге жететін биіктігі шамамен 20 м болатын төбе орналасқан. Төбенің ортасында диаметрі 9 м, терендігі 2 м шұқыр орны бар. Бұл қаланың пітаделі деп есептеледі.

Талас жазығындағы ортағасырлық қалалар мен елді мекендер жайлар мәғлұматтарды қөптеген саяхатшылар мен географтар өз жылнамаларында жазып қалдырған. Солардың бірі Кудама ибн Джә'фар, өзінің «Китаб ал-хардж» атты еңбегінде Талас өлкесінің қалаларының бірқатарын сипаттай келе қазіргі Бектебе, ортағасырда Джувикат аталған қала жайлар да мәғлұмат қалдырған [1]. Онда Шавғардан Джувикатке дейін 2 фарсах және Джувикаттан оның шығысында орналасқан Таразға дейін 2 фарсах екені көрсетілген (1 фарсах-7 км-ге тең).

1936 жылы А.Н.Бернштам Тараз қаласынан 14 км батыста орналасқан «Бектепе» атауымен аталатын қалашықта бірқатар зергитеу жұмыстарын жүргізіп, бұл төбенің «Джувикет» қалажұртының орны екендігіне тоқталады. Бұл туралы А.Н.Бернштамның «Памятники старины Таласской долины» атты еңбегінде баяндалған [2].

Бектебе қалашығын 1938 жылы КСРО FA Қазақ бөлімшесі мен ММТИ-дің Жетісу археологиялық экспедициясы ашып зерттеген [3].

1978 жылы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану мұражайының экспедициясы, 1989 жылы Тарихи және мәдени ескерткіштері жинағының археологиялық экспедициясы (К.М.Байпақов), 2000 жылы КР FA Археология институтының тарихи және мәдени ескерткіштері жинағының археологиялық экспедициясы зерттеген (К.М.Байпақов, Д.А.Лобас) [4].

2010 жылы Жамбыл облысы «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалашына келтіру» дирекциясы тарапынан түскен сұранысқа орай, Бектебе қалашығына Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының

ТУРКОЛОГИЯ, № 6, 2012

ғылыми қызметкерлері т.ғ.к. Е.А.Смагұлов және С.Р. Ілияс археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді [5].

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ортағасырлық Бектөбе-Жувикат қалашығынан X-XII ғғ. қатысты тың мәліметтер (қаланың жалпы сипаттамасы, ғимараттардың архитектуралық жобалары, заттай артефактілер) алынған [6].

Ортағасырлық Бектөбе қалашығының шығыс рабад бөлігінде орналасқан мазарлар тізбегінде 2011 жылдың далалық маусымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары негізінен 2010 жылғы зерттеу жұмыстарының жалғасы болыш табылады. Қазба жұмыстары негізінен екі нысанда, 2010 жылғы №46 нысанының екінші құрылымында қабаттың анықтау сонымен қатар, мазарлар тізбегінде батысында қаланың шахристан бөлігінде дуалына тақау аяқталар тұсынан салынған №7 нысанда жүргізілді. Мазарлар қаланың негізгі бөлігі болыш табылатын шахристан бөлігін қоршап жатқан қорған қабырғаларынан шығысында 10-12м. жерде орын табылған. Мазарлар орны батыстан шығысқа қарай тізбектеле, дм. 10-15м. биіктігі 0,70-1,2м. болатын үйінді төбелер түрінде орналасқан.

Бектөбе археологиялық отрядының (С.Р.Илияс, Т.О.Өсеров), Бектөбе қалашығындағы 2011 жылғы далалық маусымда жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде, қаланың соңғы өмір сүру кезеңі болыш табылатын XI-XII ғғ. аралығының архитектурасы мен қолөнеріне қатысты біршама тың мағлұматтар жинақталды. Осы негізде қалашықтың шығыс бөлігінде орналасқан мазарлар тізбегінде (2010 ж. қазба жұмыстары нәтижесі) II-ққ. рабад бөлігінде орналасқан үй құрылымдарының орнын екендігі анықталды. Қазба барысында мұнда I ққ. және II ққ. табылған қабір құрылымдарының осы нысанының II ққ. табылып отырған үй құрылымдарына қатыссыздығы анықталып отыр. Мазарлардың кейбірінің бүл аумақта пайдаланылғандығы және ортағасырлық қаланың даму үрдісіне қарай олардың өз шіліні мен жобасын өзгертуші отырғандығын айтудың мүмкінлігі болады. Құрылымдар материалы ретінде негізінен тас пайдаланылғандықтан, қаланың жоғарғы құрылымы қабаттарының бүтінгі күнге дейін өз шілінінде сақталынып қалуының бірден-бір себебі болыш отыр.

Қазба барысында қаланың XI-XII ғғ. тән қолөнеріне қатысты көптеген бүйімдар топтамалары табылды. Табылған қыш-құмыра жәдігерлері өз үқастығын ортақ ерекшеліктерімен IX-XII ғғ. аралығымен кезеңделетін Талас алқабы және Оңтүстік Жетісу өлкелерінде қыш-құмыра бүйімдарынан табады [7].

Қазба жұмыстары соңында жоғарыда аталған нысандарда консервациялық жұмыстары жүргізілді.

Т.О.Өсеров, IСейтжан. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы...

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Волин С. Сведение арабских источников IX-XVI вв. О долине Талас //Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. Алма-Ата, 1960. С.76-77.
2. Бернштам А.Н. Памятники старини Таласской долини. Алма-Ата, 1941.
3. Бернштам А.Н. Таласская долина//Труды Семиреченской археологической экспедиций 1936-1938 гг. Алма-Ата. 1949. Т.1. С.121.
4. Қазакстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштер жынтығы. Жамбыл облысы. Алматы, 2002. 138-б.
5. Ілияс С.Р. Ортағасырлық Бектебе (Жувикат) қалашығында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі. Алматы 2010.
6. Ілияс С.Р. Ұлы Жібек жолындағы ортағасырлық Бектебе (Жувикат VІІ-ХІІІғ.) қаласындағы археологиялық зерттеулер. //IV Халықаралық Түркология Конгресі Түркістан. 2011. 339-340беттер.
7. Шәлекенов У.Х. V-ХІІ ғасырлардағы Баласағұн қаласы. Алматы «Жібек жолы». 2006.


REZUME

T.O.OSEROV(Turkistan)


I.SEITZHAN (Taraz)

ARCHAEOLOGICAL RESEARCH CONDUCTED IN THE MEDIEVAL TOWN OF BEKTOBE, LOCATED IN THE DISTRICT OF JAMBUL, JAMBUL REGION

The article detailed the archeological research work carried out in the medieval town Bektobe, located in Jambul of Zhambyl region.




Қазба №46. II-кк. онтүстіктен қарағандағы жалпы көрінісі және жобасы (план).




№7 қазба, II-кк. жоба және №1 бөлме, солтүстіктен қарағандағы жалпы көрінісі.



Балыстар топтамасы



Каш көзактар топтамасы



Шыңатар шайтан сары табакшадар топтамасы



Орискіт сары табакшадар топтамасы

Керамикалық қыш ыдыстар

ХАБАРЛАМА

A.KAFKASYALI

NURSULTAN NAZARBAYEV VE TÜRK DÜNYASI

Автор ҚР Президенті Н.Назарбаевтың түрік дүниесін туралы көзқарасы мен сол жолда атқарған ешбектеріне талдау жасаған.

Автор сделал анализ трудов Президента РК Н.Назарбаева относительно взглядов о тюркском мире.

Eskilerde bir söz var. Derler ki: "Filozoflar kral, krallar filozof olsaydı, dünya daha iyi bir yerde olurdu." Kral veya hakan olmak da; bilge olmak, filozof olmak da büyük meziyet. Bu iki büyük meziyete sahip olmak olmaz mı? Çok zor, ama çok az da olsa örneği var: İşte Nursultan Nazarbayev bu iki meziyete de sahip. Bilge Hakan!

Nazarbayev'in çok önemli meziyetleri vardır: Bunlardan birincisi: Düşüncelerini yüksek sesle söyleyen, görevde iken hayatını kaleme alan bir lider olması. Birer ikişer yıl arayla yazdığı "Yüzyılların Kavşağında", "Tarihin Akitında", "Kritik On Yıl", "Kazakistan Yolu" ve "Avrasya Yüreğinde" adlarını taşıyan beş kitabı ile o, yaptıklarını, yapacaklarını ve düşüncelerini açık yüreklikle serdetmektedir.

İkincisi: Güvenilen, güven veren, sözüne sadık bir lider olmasıdır. Nazarbayev Dünyanın en girişi liderlerinden olan Fransa Cumhurbaşkanı François Mitterand'ın, İngiltere'nin dünyaca ünlü "kadın" liderlerinden Margaret Thatcher'in Nursultan Nazarbayev için "Güvenilir insan" demesi onun ne derece güven verici insan olduğunu göstermeye yeterlidir.

Üçüncüsü: Halkını, milletini seven, milletinin menfaatlerini her şeyden üstün tutan bir devlet adamı niteliği taşımıştır: Hac ziyaretinden bir hatırlasını şöyle anlatır:

"Kâbe'nin içinde ne kadar istersem kalmama izin verilmiştir. Kral Fahd "Allah'tan dilek dilemek gerek. Şimdi vermese de, sonra verir! demişti. Benden "o sırada ne dilediniz?" diye sık sık soruluyor.

Tanrıım şahittir ki, ben, "Ülkeme, halkuma, Kazaklara rahmetimi esirgeme!" diye yalvardım, Allah'a..." der.

Dördüncüsü: Dürüst, samimi bilge bir hakan olmasıdır. Bilgiç geçinmeyen, bilgilerini değiştirdiğini, görüşünü değiştirdiğini samimiyetle itiraf eden bir insandır: Mekke ve Medine'yi ziyaretinden sonra yazdığı kitapta: "İslâmin kutsal mekânlarında bulunmak, benim, çağımızda dinin rolü ve hizmeti konusundaki görüşlerimi kökten değiştirmeme sebep oldu." Başka bir yazısında: "Bizim gibi totaliter sistemden yeni kurulan bir devletin yöneticisi için demokrasi dediğimiz; kendi görüşlerimizi, idare yöntemi ve düşünce tarzımızı kökten değiştirmek demektir. O, kendi halkın uğruna nefsini kurban edebilmek demektir."

"Çin gezisinde sonra: "Yanlıyorduk. Bu yanlış benim için faydalı bir ders oldu." "Min ret estigense, bir ret kör" (Bin defa işiteceğine, bir defa gör.)

A.Kafkasyali. Nursultan Nazarbayev ve Türk Dünyası.

Beşinci: Şuurlu ve vefalı olmasıdır. Asırların Kavşağında adlı kitabında şöyle der: "Kazak – Türk ilişkileri hızla gelişmektedir. Bizim halklarımız hem karşılıklı güven duyan dostlar, hem tegimen tübi bir agayındar (kökü bir kardeşler). Onların arasındaki sarsılmaz dostluğa Kazakistanlılar daima değer verip, övünç duyuyor." "Ben, Türkiye ve Turgut Özal tarafından Kazakhstan'a yapılan desteğe değer biçmekte zorlanıyorum. Bu ülkenin, bizim bağımsızlığını ilk tanıyan ülke olduğunu asla unutmayaçagız."

Altıncı: Geçmişe saygılı oluşudur: "Kendisine saygı duyan insanın, özellikle politikacının, ne kadar ağır ve zor olursa olsun, geçmişini unutması ve suçu başkasının üstüne atması ayıptrır."

Nursultan Nazarbayev'in Türk Dünyasına Bakışı da onun sözlerinden yola çıkararak gözden geçirmek yerinde olur: Nazarbayev 22-23 Ağustos 2012 günlerinde Bişkek'te yapılan Türk Konseyi II. Zirvesi'den sonra verdiği demeçte şunları söyler:

Sevgili Dostlar! Altay Dağlarından, Akdenize kadar uzanan geniş topraklar üzerinde, müttetik Türk halkları, aralarındaki bağları güçlendirmekte ve işbirliğini derinleştirmektedirler. Yüzyılların derinliğinden doğan zengin kültür mirasımız ve önemli tarihi değerlerimiz, bizleri kırılamaz bir birliğe çağrımaktadır. Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyinin kurulması bu yönde atılmış önemli bir adımdır. Böylelikle, bütün dünyaya tarihsel ve kültürel yakınlığımızı ilan etmiş bulunuyoruz.

Son yüzyıllarda sıkıntılı deneyimler geçiren kardeş Türk halkları, gururla 21. yüzyıla girdi. Türk kardeşliğinin yeniden doğuşu ve Türk halkları arasındaki geniş çaplı işbirliği, bizleri yeni zirvelere ulaştıracaktır..."

"Biz tarihte, Orta Asya'da, çok büyük devletler ve medeniyetler kurduk. Bu medeniyetler insanoğlunun öünü açtı. Ama tarihi şartlarda değişiklikler oldu ve Orta Asya'daki Türkler emperyalizmin etkisi altına girdi. Şimdi dünya yeni değişikliklerle karşı karşıya! Bu bize yeni fırsatlar sunuyor. Bizim önumüzde şimdi iki yol var. Bunlardan birisi; yeni bir emperyalizmin gelip bizi istila etmesini beklemektir. İkinci bir yol daha var: Birleşeceğiz.

Tarihte yaptığımız yanlış yapmayacağız ve birleşeceğiz"

"Biz Pantürkizm peşinde değiliz. Bunu Atatürk'te söyledi. Altı bağımsız Türk devleti var. Şimdi bunlar birleşip, uluslar arası ilişki konularında birbirini desteklerse yeterli olur. Nahçıvan'da atılan adımı çok anlamlı buluyorum."

Türkiye'nin Cumhurbaşkanı Abdullah Gül, Nazarbayev için:

"Nursultan Nazarbayev Türk Dünyasının duayeni/aksakalıdır." der. Buna tabii ki biz de katılıyoruz. Namık Kemal Zeybek'in dediği gibi, "Nursultan Nazarbayev bizim liderimizdir." Tabi ki bütün cumhurbaşkanlarına saygı duyuyoruz. Ancak liderimiz, Nursultan Nazarbayev'dir. Kazakistan, bizim ata ocağumuzdır. Nazarbayev Türk âleminin otağasıdır. Ona ve bütün Türk Dünyasına Allah'tan sağlıklı, başarılı, uzun ömür diliyorum.

Nursultan Nazarbayev, Türk Dünyasının Bilge Hakanı'dır.

REZUME

**KAFKASIYALY A. (Turkistan)
TURKIC WORLD AND N.NAZARBAYEV**

The author did an analysis of the works of President N.Nazarbayev on the views of the Turkic World.

М.Керімбеков. Л.Гумилев және тарихта көне түріктер әлемінің...

М.КЕРІМБЕКОВ

Л.ГУМИЛЕВ ЖӘНЕ ТАРИХТА КӨНЕ ТҮРІКТЕР ӘЛЕМІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Атақты түрколог, белгілі ғалым Л.Н.Гумилевтің туғанына 100 жыл
(1.X.1912 – 15.VI.1992)**

*В связи со столетием ученого тюрколога
Л.Гумилева, автор приводит сведения из его
трудов, относящиеся к казахскому народу и
зводит разговор о степени оценки трудов
ученого в Республике Казахстан*

*Yazarının 100. yıldönümü münasebetiyle onun
çalışmalarını inceleyerek ilmi araştırmalarının
Kazakistan Cumhuriyeti tarafından
değerlendirilmesinden bahsediyor.*

Көне түріктер жайлы жазылған белгілі ғалым, тарихшы, этнограф Лев Николаевич Гумилевтің «Көне түріктер» атты зерттеу еңбегінде ежелгі түріктердің қуатты мемлекеті – түрік қаганатының түу, даму және құлау жолын зерттеп, тарихи проблемалардың кең қолемді мәселелерін; түріктердің саяси өміріне, тіліне, тұрмысы мен дініне, мәдениетіне жеке Орталық Азия көшпелілерінің екі дәуір – ежелгі заман мен орта ғасыр заманы тоғысар кездегі географиялық қоныс-өзгерістеріне көп көңіл белгенді кітаптағы түсініктемеден айқын аңгарылады. Автордың өз сөзіне жүтінсек: «Бұл кітап 1935 жылдың 5 желтоқсанында басталған еді. Содан бері ол бірнеше рет қайта өндөліп, толықтырылды. Алайда ол көне түріктер тарихына байланысты мол материалдың бәрін сарқып, барша проблемаларды қамти алмады. Сондықтан да зерттеуді жалғай беру құр тілек қана емес, қажетті де іс болып отыр» [1], - деген пікірінде салиқалы терен ой жатыр. Бұл ойды өзге ұлттардың бірі түсінсе, бірі түсінбей ақызыға айналған көне түріктер әлемін ойша шарлаумен келеді. Кітапты қазақ тіліне аударған аудармашылар Ә.Жұмабаев пен П.Бейсеновтің қажырылған еңбек еткені көрініп тұр. Бұл еңбек аса құнды да маңызды.

Професор Лев Николаевич Гумилевтің «Көне түріктер» атты зерттеу еңбегі көшпілік оқырман қауымға арналғанмен түрік әлемін зерттеуші ғалымдарға көне түрік әлемі бойынша жаңалығы мол еңбек болып табылады.

Кіріспедегі автор ойлары кеңестік ғалымдардың қабырғасын қайыстырып, талайының тәбе шашын тік тұрғызғанмен, ол кезеңде көбісі тайсалып, темір торға тұсуден сақтансып, түрік әлемін зерттеуден бойын аулақ ұстаганы белгілі. Автор өз басына төнген қауіптен де тайсалмай, өз ойын ашық айтып, алғаш рет тарихи тұргыда көне түрік әлемінің алтын есігін айқара ашады. Тақырыптың аса маңызды екенине көзі жеткен автор, өз ойын түйіндел ашық жазады: «...Адамзат тарихы тіпті де біркелкі зерттелмеген. Европа мен Таяу Шығыстағы оқиғалар мен қоғамдық формациялар алмасуының жүйелілігі көпке түсінкіті жанама енбектерде, тіпті XIX ғасырдың соңғы кезінде баяндалып, Үндістан мен Қытай XX ғасырдың бас

кезінде сипатталған болса, Еуразия даласының ұлангайыр жері зерттеушісін әлі күтіп жатыр. Бұл әсіресе Орталық Азия далаларында тамаша екі халық, өз атын шығарып үлгермеген басқа халықтар құрылып барып, құрып кеткен Кезенге, тарих сахнасына Шыңғысхан шықканға дейінгі кезенге жатады» - деп, автор өз ойын кең толғайды. Қоңе түріктер әлемін зерттеуші ғалымдардың аздығына қынжылады. Шығыстағы құпиясы көп, теңдесі жоқ түрік әлемін жаңаша зерттеуді нұсқайды:

«...Әлем тарихының аясынан алып қарасақ, қоңе түрік халқы мен оның өзінің, ол құрган мемлекеттің тарихы: түріктер неліктен пайда болып, сосын тіпті де өз жұрағаттары болып табылмайтын көптеген халықтарға атын беріп, неге құрып кетті? – деген сауалға келіп тіреледі. Осынау мәселені тек саяси тарихты немесе әлеуметтік қарым-қатынасты талдау арқылы шешу жолында талай-талай талпыныстар жасалса да, одан ешбір нәтиже шықпады» - [1, 4] деп, ғалым өз ойын ашық айтЫП, ғылыми негізде жорамал жасайды.

«...VI ғасырдың аяқ кезінде Түрік қағанатының шекарасы батыста Византиямен, түстікте Персиямен, тіпті Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен түйікталған десек, осы бір елдер тарихының қысыл-таяң жәйттері, біз сөз етпі отырган кезеңде түрік мемлекетінің тағдырымен байланысты болғаны өзінен-өзі түсінікті. Түрік мемлекетінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды, өйткені сол кезге дейін Орта теңіз мәдениеті мен Қыыр шығыс мәдениеті, бір-бірінін дүниеде бар екенін білсе де, басы қосылмаған еді. Шетсіз-шексіз далалар мен заңғар таулар Шығыс пен Батыстың қарым-қатынасына кедергі жасады. Тек кейінірек барып, Темір үзенгіні жасау және арба орнына теңдеу әбзелдерін ойлап табу керуендердің шөлдер мен асуладардан көп қиналмай, оңайырақ өтулеріне жағдай жасады» [1], - деп, түркі әлемін VI ғасырдың ар жақ, бер жағымен шектеледі. Ашығын айтқанда, бірінші қағанат түріктері (546-658 ж.ж.) мен көк түріктер – екінші қағанат түріктері (678-747 ж.ж.) және кейінгі көшпелі Ұйғырлар хандығы жайлы (747-847 ж.ж.) деректермен түйікталады.

Дегенмен ғалым-тарихшы алыстан болжап, түрік әлемінің ашылмай жатқан құпиясының өзіне белгілі жағын ғана ашық айтады: «Міне, осындағы хал-ахуалға ұшыраған түріктер тек арадағы дәнекер рөлін атқарып қана қоймай, сонымен бірге өз мәдениетін де дамытып, оны Қытай, Иран, Византия, Үндістан мәдениетіне қарсы қоюға болады деп есептеген. Осынау өзгеше дала мәдениетінің, сүйексінді дәстүрлері (ырымдары мен тыйымдары – К.М.) мен терен тамырлары бартұғын, бірақ, біз онымен, отырықшы халықтар мәдениетіне қарағанда, болмашы дәрежеде ғана таныспыз. Мұның себебі, әлбетте, түріктердің, басқа да көшпелі халықтардың көршілерімен салыстырғанда, дарын-қабілетінің кемдігінен емес, олардың материалдық мәдениеті жәдігерлерінің – киіз, тері, ағаш пен ұлпан-тастан гөрі нашар сақталатынында, міне, сондықтанда батыс европалық ғалымдар арасында көшпелілер «адамзаттың арам тамағы» (Виолле ле-Дюк) деген пікір пайда

М.Керімбеков. Л.Гумилев және тарихта көне түріктер әлемінің...

болған. Қазіргі таңда Оңтүстік Сібірде, Монголия мен Орта Азияда жүргізіліп жатқан, археологиялық жұмыстар бұл пікірді жылма-жыл жоққа шығарып келеді, енді көп ұзамай-ақ көне түріктердің көркем өнері жөнінде әңгіме қозғайтын да күн туды әлі» [1, 5], - деп ғалымның алдын-ала болжап айтқан пікірі көп ұзамай шындыққа айналды. Көп кешікпей көне түркілердің Отаны – Қазақстан жерінен табылған «Алтын киімді адам» әлемді таңдандырыды. Алтыннан киім киген елдің тарихы – көне түріктен де бұрынғы халқымыздың тарихынан сыр шертеді. Көне тарихтың көп нәрсені жасырып жатқанын ескертеңді. Тарихты терең зерттей білген ғалымдар көне түріктердің тарихына қызыға қарайды. Гұлама ғалым өзінің күмәнді ойларын ысырып тастап, түріктер жайлы тарихи кезеңдерге батыл түрде шолу жасайды. Тарихтың өртжалынында «Түрік» аты өшпеді. Қайта ол өршіп, Азияның жартысына тарады. Арабтар Соғдиананың теріскейінен әрі қарай жатқан қалың жауынгер көшпелілерді «Түріктер» деп атап кетті де, олар осынау атты шын көнілден қабылдап алды, өйткені оның әуелгі иелері (көне заманғы ата-бабаларымен) жер бетінен құрып кетпегеннен кейін, дала тұрғындары үшін ержүректік пен батырлықтың өшпес үлгісіне айналды. Жүре келе «Түрік» термині тағы бір құбылып, тіл ұясының тұрақты атауына айналды. Сөйтіп (ырымдар мен тыйымдар сияқты – К.М.) VI-VII ғ.ғ. Ұлы Қағанат құрамына ешқашанда кірмеген көптеген халықтар мен тайпалар «Түрік» атандып кетті. Олардың кейбіреулери, мәселен, Түрікпендер, Османдар, Әзербайжандар сияқты, тіпті монгол тектілерден емес-ті. Ал, басқалары Якуттардың аргы атасы – Құрықандар, Хакастардың аргы атасы – Қырғыздар – Түрік қағанатының қас жауы болды. Үшіншілері көне түріктердің өздерінен де бұрын құрылған еді, олар, мәселен, болқарлар мен шуваштар болатын. Қазіргі кезде «Түрік» терминінің ең көп таралған лингвистік түсінігінің өзінің белгілі бір негізі бар: көне түріктер сонау Ғұндар дәуірінде көмелетке жетіп, толысып, III – V ғ.ғ. қысылтаяқ қыын заманда анабиоз жағдайында болған дала мәдениетінің ізгі бастауларын жарқын дамытып, өмір-тіршіліктің игілігіне айналдырыды» [1-5 б.], - деп тарихшы-ғалым «Түрік» сөзінің құпиясын аша тусты». Бұл ғалымдар түсінігін бір жүйеге келтіруге мүмкіндік жасады.

Екі бөлімнен қуралиған «Көне түріктер» туралы еңбектің бірінші бөлімі «Ұлы Түрік қағанаты» (аударған Ә.Жұмабаев) 18 тараудан тұрса, екінші бөлімі «Кек түріктер мен Ұйғырлар немесе екінші қағанат дәуірі» (аударған П.Бейсенов) 12 тараудан тұрады. Барлығы отыз тарауды қамтыған. Л.Н.Гумилевтің «Көне түріктер» жайлы зерттеу еңбекі – теңдесі жоқ, қайталанбас еңбектердің қатарынан орын алады. Кітап соңындағы синхронистік, генеологиялық, ономастикалық кестелердің де алатын орны ерекше.

Шетел ғалымдарының түріктер жайлы құнды еңбектері кітаптағы пайдаланылған әдебиеттермен нақтыланған. Бұл еңбектерді зерттең,

жинақтай отырып, түрік мәдениетінің көне заманғы даму, жетілу, орнығы заңдылықтарын, жаңалықтарын ашу ғасырлардан ғасырларға ұласады.

Көне түріктер әлемін зерттеу ғалымдар үшін оңай шаруа емес. Ауыз әдебиетіндегі деректердің археологиялық, фольклорлық деректермен ұштасуы көне түріктер әлемін жарқыратады.

Белгілі түрколог ғалым, көшпелі түркілердің тарихын зерттеуге бар өмірін арнаған Л.Гумилевтің туғанына биыл 100 жыл толып отыр. Ғалымның сіңірген еңбегі ескерусіз қалмады. Қазақстан Республикасының президенті Н.Н.Назарбаев астанадағы Евразия университетіне оның атын берді.

Көне түркі тілі мен әдебиеті, мәдениеті, әдет-ғұрпы мен дәстүрі, діні, ділі, рәсімдері мен ырым-тыйымдары халықпен бірге жасап, бірге дамып келеді. Осы жағдайды жан-жақты зерттеген қазақтың ғалымдары да барышылық.

Тәуелсіз Қазақстанда түркология саласы жаңдана бастады. Астанада Түркі академиясы ашылды. Оны белгілі түрколог-ғалым Ш.Ыбыраев басқарып отыр.

Түрік Академиясының президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор Шәкір Ыбраев «Астана – түркі әлемінің рухани орталығы» деген мақаласында [8] («Егемен Қазақстан», 24 ақпан, 2012ж.) түрік әлемі жайлы сыр шертеді: «Түркі әлемі – ұзын-қызыры жоқ телегей теңіз кең дүние, шетсіз ұғым. Оның негізі қай ғасырдан бастау алатындығын, қанша замандарды басынан кешкендігін, бүтінгі таңда қандай мағынага ие болатындығын қысқаша қайыру қын қалай болғанда да, түркі әлемі дегенде біз бүгін адамзат өркениетінің дамуына өзіндік қайталанбас мәдениет қосқан байырғы түркілерді, олардың мұрагерлері – бүтінгі түркі халықтарын көз алдымызға елестетеміз. Олардың материалдық және рухани құндылықтарын еске аламыз. Түркі әлемі мәдениеті ұғымының ішіне арғы түркілердің заманынан бастап, қуні бүтінге дейін түркі этносы жасаған, жазған, тудырган, салған, құрган қандай да бір деректі һәм дерексіз құндылықтарды кіргіземіз» - деп түркі әлемінің болашағына көз жүгіртіп, өткеніне ой жіберіп, ғылыми негізін ашып көрсетеді.

Көк түріктің көгілдір туын берік ұстаған, Орта Азияда тенденсі жоқ елге айналып келе жатқан Қазақстан республикасының алтын ордасы, бүрінғы Ақмола, Целиноград атанған Астананың соңғы жыларда адам танымайтындағы өзгергенін әлем біледі. Астана – елдің тірегі, соғып тұрган жүргегі. Астана – түркі әлемінің рухани орталығына айнала бастағанына әлем халқы да таңдана қарауда.

Профессор Ш.Ыбраевтың салиқалы ой тастаған мақаласы, түркі әлемінің алтын таңы атқанын әлемге таныта түседі: «Қазақстан Республикасы деген атаумен шаңырақ көтерген жаңа мемлекет, ең алдымен, қазақтардың мұддесін қорғап, әлем алдында соның жоғын жоқтайтын елге айналды. Қазак халқы азап пен азаюды өткен ғасырда (XX ғасырда – М.К.) қашалықты

М.Керімбеков. Л.Гумилев және тарихта көне түріктер әлемінің...

көріп келсе, жаңа ғасырда (XXI ғасырда – М.К.) табыспен көбеюге де соншалықты кенеледі деп сенеміз» - деп ғұламалық ой айтады. XXI ғасырда жаңа жетістіктерге жетудің жолдарын нұсқай отырып, түрік әлемінің жарқын болашағына көз жібереді. Көне түрік әлемі жайлы түйінді ойлар айтады: «Қазақтың сақталғаны – Қазақстанның сақталғаны. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Қазақстанда өмір сүретін қазақ болсын, өзге ұлт өкілі болсын, осы қағидаға берік болып, соның өміршөндігіне қызмет істеуге тиісті. Ал қазақ ұлтының табиғатын, болмыс-бітімін, аңсары мен арманын, жан дүниесін түсінбейінше, біз оның өртөнін болжай алмаймыз. Осы орайда қазақтың жанын ұғыну үшін көне замандағы түркілердің тарихын ой көзімен зерделеп, сол ықылым заманнан бері (Нұқ (с.с.ғ.) пайғамбардан бері – М.К.) сақталып келе жатқан материалдық және рухани мұрага аса ұлken ыждағатпен қарағанымыз аблаз» - деп ой түйеді. Түрік әлемін теренденп зерттеген ғалым, бүтінгі қазақтың тағдырына ерекше мән береді: «Бүгінгі қазақтың бойында осынау алып Еуразия даласында тағдырың җазуымен сан ғасырлар бойы Шығыстан Батысқа, Батыстан Шығысқа үдерे көшкен (кошпенді – М.К.) қашшама тайпалар мен рулар, ұлттар мен халықтардың қаны бір екендігі мәлім. Оны, тіпті бүтін дамыған генетика ғылымы арқылы да оп-оңай дәлелдеуге болады. Ол тайпалар мен рулар, ұлттар мен халықтар түркі, монгол немесе иран, араб, славян т.б. тектен болды ма? Ол жағы болек әңгіме. Ең бастысы, біз бүтін қай тамырдан өрбіsek те, кімнің қанын бойымызға сақтасақ та, соның бері – біз үшін тағылым алатын құнды тарих, өткен өміріміз. Ал кез келген қоғамда, дамыған халықтар баянды болашақтың бағытын белгілегенде қашанды тағылымды тарихтан сабак алып отырган» - [8] деп көне түрік әлемінің тарихи кезеңдерін еске түсіреді. Парасатты ғалым болашаққа жол сілтейді. Ғалым ойларының дұрыстығына көзің жетеді.

Ғалым – түрік әлемі өмір сүрген, бұрынғы ғұндар мен сақтардың, қыпшақтың кең даласына еркін орналасқан Қазақстанның құдіреті мен құпиясына мән береді. Ғұлама ғалым өз ойын ашық айтады: «Бүгінгі таңда қалыптасқан геосаяси жағдайға байланысты тәуелсіз Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастың алдындағы өзінің барлық міндеті мен борышын ескере отырып, барған сайын түрік әлемімен жан-жақты интеграциялық жолдарды іздестіре бергендейді орынды. Бұл орайда әлемдегі араб, роман, герман, славян, мәдени, ғылыми, ағартушының мәселелерді бірлесіп шешуге талпына бергендейді жақсы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішқұлы Назарбаевтың сындарлы да салиқалы саясатының ішінде түркі әлемімен бірігу идеясының орны бөлек екендігі – соның жарқын айғағы» [8] - деп, түркі әлемімен бірігу арқылы әлемдік мәнге ие болудың бағытын айқындаі түседі. Ол үшін: «туған жердің ұлыларын мақтан ете отырып, сол арқылы ескі құндылықтарды сақтап, жаңа буынды тәрбиелейміз. Екіншіден, түркілік мәдениет дегендегі, біз түркілерге тән дархан мінез, кеңпейіл меймандостық, көршімен тату тірлік, отбасы құндылығы, ғылым-

білімге күштарлық, жақсыға жақын болу секілді асыл қасиеттерді еске аламыз. Мысалы, еш уақытта түркілер өздері барып, біреуге дінін, тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін (ырым, тыйымдарын да – М.К.) құшпен сіндірген емес. Қайта, керісінше, өздері сан ғасырлар бойы тектілігін сақтап келіп, қандай бір жақсы жаңалықты бойларына қабылдауға қарсы болмаған. Соның арқасында бүтінде жойылып кетпей, XXI ғасырда жаңаша тыныстап жатыр. Біз – бүгінгі түркілер, соның ішінде қазақ халқы, байырғы есте жоқ ескі замандардан бері бабаларымыздан келе жатқан асыл қасиеттерімізді: өзімізге тән міnez – құлқымызды, бай рухани дүниемізді, мәдени құндылықтарымызды (ырымдар мен тыйымдарымызды – М.К.) шашау шығармай сақтап, соларды жаңа заманның талабына сәйкестендіріп, кейінгі ұрпаққа аманнattap қалдыруымыз керек. Қазақ болып сақталу үшін (Түрік болып қалу үшін – М.К.), ең алдымен түркілік тамырымызды ұмытпағанымыз абзal. Түркілік ұлы рухты ұрпақ санасына сініре бергеніміз дұрыс» - [8] деген талапты таразыға салады. Есте қалмаған ескі замандағы түрік әлемінің құпиясына ой жүгіртеді. Қазақ халқының түбі бір түрік елінен екенін әлем таниды. Галым пікіріне сүйенсек, біздің тарихымыз түркілердің тарихымен өріліп, бірігіп жатқанын айқындаі түседі. Түрік әлемін түбегейлі зерттең жүрген ғалымның ой-пікірі түркі әлеміне еріксіз жетелейді: «Қазіргі Қазақстан – Батыс пен Шығыс өркениеттері тоғысқан, екі әлемдік үлкен мәдениеттер басын біріктірген мемлекет. Қаласақ та, қаламасақ та, тағдырдың жазғаны – осынау алып дала, сонда өмір сүретін халық ел мен елді, әдебиет пен мәдениетті табыстыратын алтын көпір іспеттес. Еліміз түркілердің, қала берді адамзаттың алдындағы үлкен тарихи миссиясы – жаңа заманда жаһандану тудырып отырған көп қауіптің алдын сейілтүге өзінің үлесін қосу. Осы жолда нақты істер, адамзаттық деңгейдегі маңызды шаруалар жаңа заманның тағылымды тарихына айналды – [8] деп, түркі әлемінің жетістіктеріне тоқталады.

Галымның өзі басқарып отырған Түркі академиясы отандық және шетелдік танымал түрколог ғалымдармен байланыс орнатып, сол арқылы бірнеше іргелі зерттеулердің өмірге келуіне жағдай тузызғанын тілге тиек етеді. Атап айтқанда: «Н.Назарбаевтың еуразиялық идеясы және түркі кеңістігі», «Түркі әлемінің көшбасшылары», «Түркі халықтарының байырғы этникалық тамырлары», «Түркі мұрасы және қазіргі қазақ әдебиеті», «Түркі фоностилистикасы», «Саян-Алтай түркілерінің мәдениеті мен түрмисының ерекшеліктері», «Қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі тарихи орны», «Орта ғасырдағы түркі тілдерінің даму жолдары» т.б зерттеулер түркі әлемінің тарихынан сыр шертеді.

Шындығында Астана – түркі әлемінің рухани орталығына айналып келе жатқанына әлем халықтарының назары ауа бастады. Түркі Академиясының президенті Ш.Ыбраевтың: «Астананың дамығаны – Қазақстанның дамығаны. Ал Қазақстанның дамығаны – түркі әлемінің жаңғығаны. Бұл ақиқатты дос та, дүшпан да мойындал жатыр, бүгінде.

М.Керімбеков. Л.Гумилев және тарихта көне түріктер әлемінің...

«2012 жылы Астана қаласы – түркі әлемінің мәдени астанасы» деп жарияланғаны көп жәйтті аңгартады, сондай-ақ бұл саяси маңызы терең шешім тұтас түрік дүниесінің басын одан әрі біріктіруге өз үлесін қосатыны сөзсіз. Түрік Академиясы осы ортақ мақсатқа қызмет атқаруға жұмыла кірісп отыр» [8], - деп Академияның соңғы жылдары атқарған жұмыстарына тоқталады.

Астана мен Түркістан – түркі әлемінің рухани орталығы екенін әлем халықтары біртіндеп танып келеді. Түркістан – түркі әлемінің туын көтерген көне шаһардың бірі. Түркістан – түркі әлемінің рухани және діни негізін қалаған қала. Оның болашағы да зор міндеттерді жүктейді. Түркі әлемінің тағылымды тарих сабағы – бәрімізге ортақ. Түркі әлемімен интеграциялық жолдарды іздестіру – тіл, дін, діл, әдебиет пен мәдениет бірлестігін қажет етеді. Астанада күрылған Түркі әлемінің Академиясы – түркі тілдес халықтардың тілі мен әдебиетін, діні мен мәдениетін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, рәсімдері мен ырым-тыйымдарын, көне заманғы фольклор жанрларын, ділін, рухани байлығын зерттең, жинақтаң, дамытатын орталық болуға тиіс. Академияның Қазақстан қалаларында түркі әлемін зерттең, жинақтаң, дамытатын тылыми бөлімдері (филиалдары) болуға тиіс. Мақала авторы айтқандай, онда : «Тамыры тереңге тартатын, тағдыры қылы, өнегесі мен мұрасы бай түркі әлемін зерттеуде ашылмаған аралдар, шешімін күткен сауалдар жеткілікті екендігі белгілі. Оның мезгілдік шеңберін, мекендік кеңістігін айқындау ісінде әліге дейін нұкте қойылмады. Керісінше бұл әлемді қазған сайын (Түркі әлемін – М.К.), бұл дүниені зерттеген сайын оның тылсымы адамзат баласын таң қалдырып жатыр. Қазақтар – айбынды түркілердің заңды мұрагері, (қара шаңырағы – М.К.)солардан қалған қандай да бір мәдени, рухани, материалдық құндылықтарға иелік етуге құқығы бір халық. Сонымен қатар, қара шаңырақта қалған қазақтар – түркілердің осиет еткен асыл аманатын орындауға тиісті қауым» - деп түркі әлемінің келелі істеріне бағыттаң, міндеттерді жүктейді. Бұл міндеттер баршамызға ортақ. Түркі әлемін зерттең, жинақтаң, дамыту – жас ұрпақтардың елдігін сақтайды, бірлігін нығайтады. «2012 жылы Астана қаласы – түркі әлемінің мәдени астанасы» - [8] деп жарияланғаны қуанарлық шара екенін әлемде танып келеді.

Әлем халықтарына Астана, Алматы, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызылорда т.б. қалаларымыздың түркі әлемінен алатын орнын айқындау – баршамызға ортақ міндет болуға тиіс. Қазақстан аймағындағы қала, облыс, аудан аймақтарында түркі әлемін дәрілтеудің жолдарын қарастырып, мектептер мен жоғары және арнаулы оқу орындарында жас ұрпаққа жан-жақты түсініктер берілсе, жастардың түркілік ақыл-ойы, ділі (менталитеті) дами түседі, түркілік сана-сезімі қалыптасады.

Тарихтағы көне түріктер әлемінің тілі мен әдебиеті, мәдениеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, рәсімдері, шығу тегі (генезисі), шежіресі, діні мен

ділі, ырымдары мен тыйымдары, макал-мәтел, жұмбак, жаңылтпаш, аныз-әңгімелер мен әпостық жырларының ғасырлар бойы қордаланып, жинақталмай жатқаны өкінішті-ақ. Амал не, ел болып Егемендігімізді алғанымызға 20 жылдан асса да, рухани байлығымызды жан-жақты жинауга шама келмей, әлі қүнге дейін етек, женімізді жиа алмай келеміз. Кеңестің қасіретті заманы артта қалса да, көне түркітің рухани байлығын жан-жақты зерттеу назардан тыс қалуда. Шығармашылықпен айналысатын ақын-жазушылар мен ғалымдарға, зерттеушілерге жан-жақты қамқорлық жасалуга тиіс. Қазіргі таңда «Көне түрк әлемін» зерттеу – басты мақсат болуға тиіс. Сонда ғана біз өркениетті елге тенеле аламыз. Бабаларымыз мұра етіп қалдырыған асыл қазынаны жинақтап, зерделеп болашақ ұрпаққа жеткізе білсек, өшкеніміз жарқырап елге танылады. Алтын қазына жер қойнауында жатса, рухани асыл қазына ел қойнауында жатыр. Қолда бар рухани қазынаны елге жеткізу – ердің ісі. Ел – ерін сыйласа, ер де – елін сыйлайды, құрметтейді, дәріптейді. Елдің туын – ері ұстайды, елі қоштайды. Елге – ер қадірлі, ер – елге қадірлі. Көне түрк әлемін жан-жақты зерттеу ісіне басты назар аударсақ тіліміз де, дініміз де, діліміз де (менталитетіміз де), әдебиетіміз бен мәдениетіміз де мәңгілік сақталынып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Көне түрк әлемін зерттеу, жинақтау әлем ғалымдарының да назарынан тыс қалмауға тиіс. Қазақстан – түрк тілдес халықтардың мәңгілік Отаны, Астанасы болуға тиіс.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Гумилев Л. Көне түріктер. -Алматы, «Білім», 1994 жыл, - 480 б.
2. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. -Алматы, «Қазақ университеті», 1992, -248 б.
3. Салқынбай Анар. Тіл тарихын зерттеген кемел ғалым //«Егemen Қазақстан», 18 ақпан, 2012 ж.
4. Сүлеймен Мамет. Түркі тарихын түгендеген //«Егemen Қазақстан», 18 ақпан, 2012 ж.
5. Ахметов Ә. Еуразия кілті: Бесінші өркениет табалдырығында. -Астана, 2011 ж.
6. Үсқақов Д. Түркі халықтарына ортақ әдебиет //«Қазақ әдебиеті», 14.10.2011ж., №41.
7. Алдан Смайыл. Аттила – Еділ жайлы шетелдік барлық шығармалар Қазақстанда басылып, сахналарда қойылуы қажет //«Егemen Қазақстан», 18 ақпан, 2012 ж.
8. Ыбыраев Ш. Астана – түркі әлемінің рухани орталығы. «Егemen Қазақстан», 24 ақпан, 2012 ж.
9. Керімбеков М. Ата тәрбиесі. (Алмастай асыл ойлар), I-II кітап, -Түркістан қаласы, -1998 ж., -100 б.
10. Керімбеков М. Шежіре – көшпендей өркениет мәдениетінің күөгері (әссе – шежіре) //«Ғылым жолы», -Тарағ қаласы, №6, 2009, 18-29 б.
11. Керімбеков М. Қайталаудың көркемдік және теориялық ерекшелігі. Кітап – білім бұлағы (анофоралық қайталау) //«Ғылым жолы», -Тарағ қаласы, №2(8), 2010, 22-29 б.
12. Керімбеков М. М.Әуезовтің философия жайлы ойлары және қазақ ырымдары мен тыйымдары туралы //«Ғылым жол», -Тарағ қаласы, №4(10), 2010, -66-71б.

М.Керімбеков. Л.Гумилев және тарихта көне түріктер әлемінің...

-
13. Керімбеков М. Мектепте М.Әуезов пен Абай шығармаларын жаңа бағдарламамен оқыту мәселелері //«Ғылым жолы», -Тараң қаласы, №4 (10), 2010, -121-181 б.

REZUME

**M.KERIMBEKOV (Taraz)
L.N.GUMILEV AND RESEARCH IN HISTORY IN THE ANCIENT WORLD**

In connection with the centenary of the scientist turkologist L.Gumilev, the author gives details of his work related to the Kazakh people and starts talking about the degree of evaluation works of the scientist in the Republic of Kazakhstan.

PERSONALYA

Б.ЭБЖЕТ

САРАБДАЛ СЫНШЫ, САЛИҚАЛЫ ЗЕРГҮЗЕУШІ

(Белгілі әдебиет сыншысы, ғалым ф.ғ.д., профессор Құлбек Ергөбек 60 жаста)



Ты был и остаешься талантливым ученым, чутко улавливающим цену слова, красоту стиля, качества, которыми, к сожалению владеют далеко не все литераторы.

Ч.Айтматов

Белгілі әдебиет сыншысы, қарымды журналист, көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ергөбек 2012 жылдың 26 желтоқсанында мерейлі 60 жасқа толды. Ол өзінің тынымсыз ізденісі, талмай еңбектенуінің арқасында әдебиет айдынындағы күрделі де ауыр саланың бірі – сын жанрында өзінің талантты әдебиетші екенін әдебиет майданында жүргендеге мойындастып үлгерді. Өзі қызыққан саланың қамалын алмай қоймайтын қайсарлығы, жеріне жете дәлелдемей тынбайтын тынымсыздығы оны әдебиеттегі жазушының лабораториясында, архивте көміліп отырып жұмыс істеуге альш келді. Қазақ әдебиетіндегі атақты классиктердің бірі С.Мұқановтың бастап кепкен күрделі кезеңдері мен пәннедепшілікке тән күйбендең тұстарын кейінгі үрпаққа шынайы түрде жеткізу заманның сыздатаса ауыртып тудырган өзекті сұрағы болатын. Ғалым Қ.Ергөбек бұл мәселені дер кезінде түсінді, алаштың арыстарының бірі, заманының заңгар жазушысының шынайы бейнесін үрпаққа жеткізу

Б.Әбжет. Сарабдал сынны, салиқалы зергтеуі.

жолында аяnbай еңбек етті. Құрделі тұлғаны аршып алу үшін сол дәүірдің «құбыльш соққан замана желі» қалай тұргандығын тамыршыдай тап басуы қажет еді. Осылайша ол жазушының шығармаларын терең талдай отырып, оның ішкі кухнясына, жазушының шеберханасына бара отырып, аумалы кезеңде қалыптасқан, шындалған қаламгердің көшқабатты қырларын ғылыми негізде жеткізіп отырды. С.Мұқановтың әдебиетке келу жолын ғалым былайша түсіндіріп өтеді: «Зерттеушілер Сәбит Мұқанұлы әдебиет есігін ақын болып ашты дейді. Бұл – жаңсақ. Сәбит Мұқанұлы әдебиет есігін эпос айтушысы – жыршы регінде ашқан. Табиғатынан дарынды бала жазба әдебиет өкілі болып қалыптасқанға дейін қазактың талай эпосын жатқа білген, білгенін ерістеге дамыта алқалы топқа айтыш, талай жанының құлағының құрышын қандырган, «әп, бәрекелде» дегізген. Әдебиетке ол осылай келген. Сәбит Мұқанұлының эпос айтушысы болғанын елемей-ақ қоюға болар еді, егер оның шығармашылығына кейін ауыз әдебиетінің ықпалы болмаса» деп жазады (К.Ергөбек. Арыстар мен ағыстар. Шеберлік шеберханасы. – Астана: «Фолиант», 2004. – 224 б.).

Ғалымның бұл айтқан шікірі шындыққа жақын. Жазушының қай шығармасын алыш оқысаң да Сәбенің қазактың ауыз әдебиетін жетік меңгергені байқалып тұрады. Қазактың даласын суреттегендеге әрбір жанды да жансыз табиғаттың жаратылышындағы әрбір сәтті қалт жібермен, халық жадында сақталған ұғымдар мен аңыздарды регін тауыш шығармасына пайдалана білген. Мысалы «Мөлдір махаббат» романын оқып отырғанда Сыр бойы мен Торғай даласына дейінгі арада кездесетін аңдар мен шөптердің аттары, олардың өзіндік қасиеттерін оқыға ішінде келтіріп өткенде Сәбенің білімділігіне еріксіз таң қаласың. Жазушының зертханасына деңдей енген ғалым Сәбенің ауыз әдебиетін еркін меңгергендігін айта келе өсіреле халықтық дастанға айналып кеткен «Сұлулушаш» поэмасы турасында былай дейді: «Қандай шығарма да өзінің жарық дүниеге келген уақытымен бағаланады десек, жиырмасыныш жылдары «Сұлулушаш» - әдебиетті ауызша ыргақ, ауызша қабылдаудан жазбаша әдебиетке, жаңаша ойлауға, профессионализмге көшіріскен көпелі туынды. Ол ауыз әдебиетіндегі дастандық дәстүрден роман, поэмаға көпшүдері үздік үлгі» деп баға береді.

1991 жылы «Адасқандар» романының шығармашылық шеберханасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған кезде бір топ ғалымдар бұл үшін докторлық диплом беруі қажет деген тұжырымға келеді. Алайда, Сәбенің әлі де ашылмай жатқан қырларын зерттеу қажет екендігін, түйінді мәселелер шешілмесе, шаң басқан архивтің қойнауына кететіндігін ұғыну бір басқа, жанын аямай осы жолда тер төгу үшін де бір адамның ғазиз ғұмыры сарғайған хаттармен отырып өтегіндігін біле тұра барды, бар қуатын осы жолға сарп етті. Осылайша С.Мұқановтың шығармашылық шеберханасынан докторлық диссертация қорғаған ғалым қазак әдебиеттану ғылымында аз зерттелген осы саланы алға қарай жылжуға айрықша үлесін

қости. Алты жаста әкеден айрылып, жетімдіктің кермек дәмін татқан ғалым Қ.Ергөбек өзі зерттеу нысанына алған С.Мұқанұлының әдебиет саласына қалай келгендігін дәл анықтау жолындағы қажырлы еңбегін оқи отырып, кейде қос тағдырдың үқсастығы арасында тылсымдық бір байланыстың бар екендігін байқатқандай болады.

Қ.Ергөбек 1970 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің студенті атанған кезден бастап ғылым жолында жүрген атақты ұстаздардың назарына ілге бастаған. Ұстазы профессор Б.Кенжебайұлының бағдарымен архив материалдары негізінде мақалалар жазуды бастайды. Әдеби процеске ерте араласуы, профессор Т.Кәкішұлының назарына ілгеді. Кейін Алматыда қалыш жұмысқа орналасуына осы іздеппаздығы себеп болғандай. Университетті тәмамдаған соң Ұлттық ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жұмысқа қалдырылады. Осы бір киелі шаңырақтың астында жүріп қазактың небір майталман ғалымдарымен танысады, олардан өзіне гибрат алады. Болашақ ғалымның ғылымдағы жолы осылайша басталыш кетеді.

Өмірде рухани ұстазы өрі әке орнына әке болыш, әкелік қамқорлық жасаған Б.Кенжебайұлы қазактың ең алғашқы түрколог ғалымдарының бірі болатын. Шекіртінің де түркология саласына барғанын қалаған еді. Ұстазы Бейсембай Кенжебайұлының артында қалған архиві мен жарыққа шықпаған мұраларын ындағаттап жинал, оны жарыққа шығару жолында да шекірті көптеген істер тындырды. Ғалымның артында қалған еңбектерін жинастырып, жүйелеп, құрастырып өрі алғысөзін жазып баспадан кітап етіп шығарды. Атап айтқанда: 1984 жылы «Жылдар жемісі», 1987 жылы «Әдебиет белестері», 1995 жылы «Асау жүрек», 2004 жылы «Тылпи», 2004 және 2010 жылдары «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбектері жарық көрді. Одан білек 2005 жылы «Бейсенбай Кенжебайұлы» атты био-библиографиялық көрсеткіш, әр кезде ұстазы жайлы «Қайрымызыз уақыттың қайсар ұланны», «Заманқапа», «Қайран да, қайран Бейсекең!» секілді көлемді мақалалар жариялап отырды. Қасиетті Түркістан тошырағында А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанынан Б.Кенжебайұлының түркітану музейін ашты. Қазіргі кезде Б.Кенжебайұлы туралы деректі-ғұмырнамалық еңбегін жазып бітірді. Түркістан қаласында түркология саласын жаңдандыру бағытында да белсенділік танытып келеді. Өзінің бастамасымен 2009 жылы Түркістаннан өз қаражатына «Түркі халықтары кітапханасын» ашты. Кітапханаға өзінің өмірбойы жиган кітаптарын (шамамен он алты мыңдай) тапсырды.

Профессор Қ.Ергөбек – қазіргі түркі халықтары әдебиеті саласында қалам тартып жүрген бірегей ғалым. XX ғасырда өмір сүрген қазақ, үйғыр, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, шуваш, шор, алтай, түрік жазушыларының еңбектері жайлы толайым зерттеулер жазып келеді. Ғалымның бүл еңбегін кезінде «адамзаттың Айтматовы» атанған ұлы жазушы Ш.Айтматов жоғары бағалаған болатын. Алматыдан Түркістан қаласына жұмысқа ауысқан соң түркі халықтарының әдебиетіне көбірек бет бұра бастады. «Түркістан жинағы» атты

Б.Әбжет. Сарабдал сынны, салиқалы зерттеуі.

сериялы шығармалар жинағында түркі халықтарының жазушылары Ш.Айтматов, А.Якубов, М.Көрім, Қ.Құлиев, Н.К.Зейбек, Н.Фазылов, Н.И.Васильев, А.Акматалиев, Ә.Нәжіп секілді ғалым, жазушылар туралы түштімді зерттеулер жазып келеді.

Ғалым Қ.Ергебек ағамыздың әдебиет саласында атқарып келе жатқан еңбектері елеусіз қалмақ емес. Қазіргі кезде Гуманитарлық Фылымдар академиясының академигі, Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі болып сайланды. Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі, Жазушылар Одағы Басқарма мүшесі, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты атағын алды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 21 жылдығына орай еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан азаматтардың арасында профессор Қ.Ергебек те Қазақстан мәдениетінің дамуына қосқан үлесі үшін Мәдениет және ақпараттар министрі Д.Мыңбайдың қолынан «Парасат» орденін алды.

Профессор Қ.Ергебек 60 жасқа толып отыр. Үлгі да ізденіс үстінде тынбай еңбектеніп жүретін ізденімшаз, парасатты ғалымның әлі де халықта берері көп. Жұмыстарына шығармашылық табыс тілей отырып, өмір жасы үзақ болғай, халқы үшін шаршамай қызмет ете бергей деген тілек айтқымыз келеді.

МАЗМУНЫ, СОДЕРЖАНИЕ, İÇERİK, CONTENTS

ТЛІ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Каримов Б.Р. (Ташкент)	Путь превращения языка Абая в мировой язык и инновационного повышения статуса казахского языка Қазак тілінің жаңа деңгейге көтерілуі және Абай тілінің әлемдік тілге айналуы	3-10
Karimov B.R. (Taşkent)	Abay dilinin dünya diline dönüşmesi ve Kazak Dilinin derecesinin yükselmesi Way to becoming language Abaya in world language and innovation upgrading the status of the Kazakh language	
Соегов М. (Ашхабад)	Как был восстановлен латинизированный алфавит туркменского языка взамен кириллицы (из личного опыта в связи с 20-летием его принятия) Түркіменстанда түркімен жазуы кириллицадан латын алфавитіне қалай ауысты (латын әліпбійінің қабылдануына 20 жыл толуына орай)	11-17
Soyegov M. (Aşkabat)	Türkmen Latin alfabesi nasıl oluştu How was restored Latinized alphabet instead of Cyrillic Turkmen language (from personal experience in connection with the 20th anniversary of its adoption)	
Omirbaev E. (Türkistan)	“Adil Sultan” Destanındaki İsim Yapım Ekleri Словообразования имя существительных в эпосе «Адил Султан»	18-23
Өмірбаев Е. (Түркістан)	«Әділ Сұлтан» жырындағы есім сөзжасам жүрнақтары Word-formation nouns in the epic "Adil Sultan"	
Ерімбетова А.Х. (Алматы)	Түркі тілдеріндегі текстес дауыссыз дыбыстардың сәйкестіктері Соответствие сходных гласных звуков в тюркских языках	24-27
Yerimbetova A.H. (Almatı)	Türk dillerindeki bir kökenli ünsüz seslerin uyumluluğu Compliance with similar vowel sounds in turkic languages	

ӘДЕБІЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Еңсегенұлы Т. (Түркістан)	Көне түркі шығармаларындағы дәстүр жалғастығы Преемственность традиций древне тюркских произведений	28-41
Yensegenulu T. (Türkistan)	Eski Türk eserlerindeki gelenek devamlılığı Continuation of the ancient traditions of Turkic work	
Корғанбеков Б.С. (Шымкент)	Балмагамбет Балқыбайұлы шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдық Традиция и новаторство в произведениях Баймагамбета	
Korganbekov B.S. (Şimkent)	Balkıbayuly Balmagambet Balkıbayulu eserlerindeki gelenek ve yenilenme Tradition and innovation in products Baimagambet's Balkybayuly	42-61

Мырзагелдиева Б.Т. (Шымкент)	Ақыт қажы шығармаларындағы Ясауи дәстүрі Художественная традиция Ходжа Ахмеда Ясави в произведениях Ақыт қажы	62-67
Mirzageldieva B.T. (Şımkent)	Akit Hacı eserlerindeki Yesevilik Artistic tradition of Khoja Ahmed Yasawi in works Akyt kazhy	

Мәмбетов К. Мәмбетова М. (Түркістан) Mambetov K. (Türkistan) Mambetova M.	Түркі әлемі және Алаш Тюркский мир и Алаш Türk dünyası ve Alaş Turkic world and Alash	68-72
--	--	-------

ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

Жандарбек З. (Түркістан) Jandarbek Z. (Türkistan)	Қазақ шежірелерінің пайда болу және қалыптасу кезеңдері Этапы формирования казахской родословной	73-81
	Kazak secerelerinin doğma ve oluşma devirleri Stages of formation of the Kazakh ancestry	

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

Өсеров Т.О. (Түркістан) Сейтжан И. (Тараz)	Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы ортағасырылқ Бектебе қалашығында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары Археологические исследовательские работы, проводенные в средневековом городке Бектобе, который располагался в Джамбульском районе Джамбульской области	82-87
Öserov T.O. (Türkistan) Seytcan İ. (Taraz)	Jambil vilayeti Jambil ilçesindeki orta asır şehrlerinden Bektöbe şehrinde yapılan arkeolojik çalışmalar üzerine Archaeological research conducted in the medieval town of Bektobe, located in the district of Jambul, Jambul region	

ХАБАРЛАМА

Kafkasyali A. (Türkistan) Кафкасиялы А. (Түркістан)	Nursultan Nazarbayev ve Türk Dünyası Тюркский мир и Н.Назарбаев Н.Назарбаев және түрік дүниесі	88-90
Керімбеков М. (Тараz) Kerimbekov M. (Taraz)	Л.Гумилев және тарихта көне түріктер әлемінің зерттелуі Л.Н.Гумилев и исследование в истории в древнетюркского мира	91-99
	L.N.Gumilev ve Eski Türkler Dünyasının araştırılması L.N.Gumilev and research in history in the ancient world	

<p>Әбжет Б. (Түркістан)</p> <p>Abjet B. (Türkistan)</p>	<p>Сарабдал сыншы, салиқалы зерттеуші (Белгілі әдебиет сыншысы, ғалым ф.ғ.д., профессор Құлбек Ергөбек 60 жаста)</p> <p>Опытный критик, почтимый исследователь (Известный литературный критик, д.фил.н., профессор Кулбек Ергобеку 60 лет)</p> <p>Ünlü tenkitçi ve belirgin araştırmacı (Edebiyat tenkitçisi, Professör Doktor K.Yergöbek 60 yaşında)</p> <p>Experienced critic, respected researcher (famous literary critic, professor Kulbek Ergobek is 60 years old)</p>	<p>100-103</p>
---	--	----------------

Редакцияның мекен-жайы:
487010, Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы
ХҚТУ қалашығы Б.Саттархан даңғылы № 29
“Түркология” журналының редакциясы, 317-бөлме.
Тел.: (8-32533) 6-38-01,
Факс: (8-32533) 6-38-01
E-mail: turkologi@mail.ru
Журналдың электрондық нұсқасын www.turkistan.kz сайтынан оқуға болады.

Журнал Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің “Тұран” баспаханасында көбейтілді.

Қолжазба қайтарылмайды.
Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы 11,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 630.